Сыр бойы

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

№56
(20130)

15 сәуір, бейсенбі 2021 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

3
«Қазақ» атауы қайтқан күн

5
Біртуар азамат

6

Қожа Ахмет Ясауи туралы телехикая

ПРЕЗИДЕНТ

СЕНАТ ТӨРАҒАСЫН ҚАБЫЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Парламент Сенатының Төрағасы Мәулен Әшімбаевты қабылдады.

Президентке Парламенттің жоғарғы Палатасының заң шығарушылық қызметі туралы мәлімет берілді. Мәулен Әшімбаев Сенаттың қарауында жатқан заң жобалары жөнінде хабарлады. Олардың ішінде Мемлекет басшысының бастамасымен енгізілген жер қатынастарын реттейтін түзетулер ерекше орын алады.

Спикер Мәжіліс мақұлдаған заң жобасы осы айдың аяғына дейін Сенаттың отырысына енгізілетінін, содан кейін құжат Президентке қол қоюға жіберілетінін айтты.

Ал сайлау заңнамасына енгізілетін өзгерістерге келер болсақ, сенаторлар аталған заң жобасының Мәжіліс қарауынан өтуін күтуде. Мәулен Әшімбаевтың айтуынша, Сенат бұл мәселені мамыр айының бірінші онкүндігінде қарап, тиісті заң жобасын қабылдауды жоспарлап отыр.

Сонымен қатар Сенат Төрағасы Парламенттің жыл басынан бері Еуразиялық экономикалық одақ аясында қол қойылған 8 халықаралық шартты ратификациялағанын жеткізді. Қазіргі уақытта Армения мен Қырғызстанның Еуразиялық экономикалық одаққа қатысуына байланысты кейбір мәселелерді айқындайтын келісімдерді ратификациялау жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Мәулен Әшімбаев Қасым-Жомарт Тоқаевқа Сенатта мүмкіндігі шектеулі жандар үшін инклюзивті қоғамдық орта қалыптастыру мәселесі бойынша жұмыс тобы құрылғаны туралы айтты. Бұл жұмыс тобы Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің бесінші отырысының қорытындысы бойынша Мемлекет басшысының тапсырмасымен құрылды. Спикердің айтуынша, заңнамаға енгізілетін тиісті өзгерістер мен толықтырулар биыл Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау, Денсаулық сақтау министрліктерімен бірлесіп әзірленеді.

Сенат Төрағасы Мемлекет басшысына сенаторлардың қатысуымен өтетін алдағы бірқатар халықаралық іс-шаралар жөнінде мәлімет берді.

ЖАҢА ЕЛШІГЕ ТАПСЫРМА БЕРДІ

Президент Қазақстанның АҚШ-тағы жаңадан тағайындалған елшісі Ержан Ашықбаевты қабылдады.

Кездесу барысында Қасым-Жомарт Тоқаев Вашингтонмен арадағы кең ауқымды стратегиялық серіктестікті одан әрі дамытудың маңызды екеніне назар аударды.

Президент Америка Құрама Штаттары Қазақстан экономикасының ең ірі инвесторы екенін, энергетика, ауыл шаруашылығы және жаңа технология салаларындағы сауда-экономикалық ынтымақтастықтың белсенді дамып келе жатқанын атап өтті. Екі ел арасында айтарлықтай құқықтық-шарттық база қалыптасқан. Мәдени-гуманитарлық және білім салалары бойынша табысты ықпалдастық орнаған.

Қасым-Жомарт Тоқаев Ержан Ашықбаевқа Президент Джозеф Байден әкімшілігімен өзара тиімді ынтымақтастықты жолға қоюға бағытталған бірқатар тапсырма берді.

НАЗАРДАҒЫ НЫСАН

УАҚЫТ ПЕН НӘТИЖЕ

ЖАУАПКЕРШІЛІК ҮСТЕМДІГІН КӨРСЕТЕДІ

Сейсенбіде облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова Қызылорда қаласындағы әлеуметтік нысандарды аралауды жалғастырды. Алдымен аймақ басшысы сол жағалауда жаңадан салынып жатқан 14 арендалық тұрғын үйдің құрылысымен танысты. Жалпы алаңы 40,4 мың шаршы метрді құрайтын тұрғын үйде 780 пәтер бой көтереді. Баспаналарды салуға 8 млрд 322,6 млн теңге қаржы бөлінген.

Өңір басшысы пандемия кезеңіне қарамастан, тұрғын үйлер құрылысында іркіліс болмауы керегін айтып, қала әкімі мен мердігер компания басшысына жұмыс сапалы орындалып, уақытылы аяқталуы қажеттігін қаперге салды.

Мұнан кейін аймақ басшысы сол жағалаудағы автономды блокты-модульдік қазандықты көрді. Тұрғын үйлер мен әлеуметтік нысандарды жылу жүйесіне қосатын қазандықты мердігер «Ария Жаңа Астана» ЖШС компаниясы үйлестіреді. Жобаның жалпы құны – 2 млрд 438,5 млн теңге.

Облыс әкімі қала көшелеріндегі абаттандандыру жұмыстарына да мән берді. Әуелі Ы.Жақаев пен Әйтеке би көшелеріне барып, көркейту бағытында атқарылған жұмысты көрді. Бүгінде көше бойында 250-ге жуық жарық шам орнатылып, 3 субұрқақ салынған. Ал, Әйтеке би көшесінде 100-ден аса түнгі жарық шам орнатылған. Сондай-ақ, заманауи үлгідегі орындықтар мен жәшіктер де қала сәулетіне сән беруде.

Гүлшара Әбдіқалықова келесі кезекте бірнеше шағын өндіріс орындарына аялдады. Алдымен Талсуат ауылдық округіндегі «Сыр маржаны» ет комбинатының құрылыс жұмысымен танысты. Комбинат ауысымына 5 тонна ет өнімін өндіруге қауқарлы. Өндіріс орны 250 бас ірі қара мен 1000 бас уақ мал союға мүмкіндігі бар. Шағын комбинаттағы өнімдердің 70%-і ішкі нарыққа, 30 проценті экспортқа жөнелтіледі. Бүгінгі таңда ет комбинатының құрылысы 30%-ке аяқталған. Қажетті жабдықтар толық алынып болғаннан кейін нысан осы жылдың желтоқсан айында пайдалануға беріледі.

Мұнан кейін облыс әкімі Ә.Қашаубаев көшесінің бойында орналасқан шыны зауытына барды. Өндіріс жылына 197 100 тонна табақша шыны шығара алады. Мұнда табақ шыны, энергия үнемдейтін шыны, айна мен ламинатталған шыны өндіреді.

Қазіргі таңда құрылыс алаңында жабдықтау жұмыстарына 91 жұмысшы тартылған. Зауыт құрылысы 78%-ке аяқталып отыр. Балқыту ваннасы мен күйдіру пешін монтаждау жұмыстары аяқталғаннан кейін зауыт толықтай іске қосылады. Айту керек, балқыту ваннасы және күйдіру пешін монтаждау үшін 4 ай уақыт және жылы режим жағдайы қажет. Шыны зауытының жай-жапсарын бағамдаған облыс әкімі орынбасары Нұрлан Тілешовке зауыт жұмысын мерзімінде аяқтау қажеттігін тапсырды.

Қаладағы нысандарды аралауда «Бақытты отбасы» орталығы да назардан тыс қалған жоқ. Әлеуметтік қызмет көрсету орталығы түрлі санаттағы отбасыларға құқықтық, әлеуметтік, психологиялық көмектер береді. Бұл үшін орталықта 66 маман жұмыс атқарады. Гүлшара Әбдіқалықова көмек қажет ететін, өмірде қиындыққа кезіккен отбасы мүшелерін қоғамға бейімдеу мәселесі өзекті екенін жеткізді. Сондай-ақ, көпбалалы, әлеуметтік осал топтағы отбасылардың мемлекеттік қызмет алудағы кейбір қиындықтарды жою және көмек беруде орталық жұмысының маңызды екенін алға тартып, әлеуметтік қызметтер көрсетудің тиімділігін әлі де арттыруды ұсынды. Бір сөзбен айтқанда, мемлекет қолдауымен іске асырылатын жобалар нәтижелі әрі уақытылы игілікке айналуы қажет.

15 СӘУІР

• 1993 жылы Қазақстан Республикасының Бельгия Корольдігінде Елшілігі ашылды.

• 2008 жылы тарихта алғаш рет «Шоқан Уәлиханов» атындағы қазақстандық яхта Атлант мұхитын жүзіп өтті. Яхта командасы үш апта ішінде Атлант мұхиты арқылы жер шарын шарлап шықты.

• 2016 жылы Астанада «Жібек жолы» раллиінің ресми өкілдігі ашылды. Мұндай офистер Мәскеуде, Парижде, Бейжіңде бар.

• 2017 жылы Шанхай ынтымақтастық ұйымының штаб-пәтерінде «Астана - ШЫҰ саммитінің және ЭКСПО-2017 халықаралық мамандандырылған көрмесінің астанасы» видео таныстырылымы және фото көрмесі өтті.

16 СӘУІР

• 1999 жылы Қазақстанның Қытайдағы Елшілігінде Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың қытай және ағылшын тілдеріне аударылған «Қазақстан - 2030» кітабының тұсаукесері өткізілді.

• 2000 жылы Халықаралық «Абай» клубы «Аманат» журналын шығарды. «Аманат» - Қазақстандағы әлем халықтарының әдебиетін жариялайтын журнал, таралымы 7,5 мың болды. Журналдың 1 мың экземпляры Америкаға, 1500-і Шығыс Еуропа мен Ресейге жеткізіліп тұрды.

• 2003 жылы ҚР Үкіметінің қаулысына сәйкес «Тұрғын-үй жинақ құрылыс банкі» ЖАҚ құрылды.

• 2010 жылы Грозный қаласының №1 лицейіне Нұрсұлтан Назарбаевтың есімі берілді.

• 2010 жылы әлемдік турне аясында Қазақстанға ғаламдық футболдың басты сыйлығы FIFA кубогы келді. Маршрут 86 елді басып өтті.

• 2011 жылы Қазақстанда ислам дінінің бастау көздері туралы отандық ғалымдардың еңбектеріне арналған «Даналардың ізімен» атты көлемді телевизиялық экспедиция жобасы іске қосылды.

• 2013 жылы Біріккен Араб Әмірлігінің Дубай қаласында «Қазақстан темір жолы ҰК» АҚ мен DP World жаһандық кемежай операторының арасында ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды.

СЕССИЯ

ӘЛЕУМЕТТІК САЛА ӘРКЕЗ БАСЫМДЫҚҚА ИЕ

Жергілікті бюджетті бөлісуде әлеуметтік салаға басымдық беру әлі күнге маңызын жойған емес. Облыстық мәслихаттың кезектен тыс III сессиясында облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова бұл бағытқа 1 млрд теңге жұмсалатынын айтты.

Назерке САНИЯЗОВА,
«Сыр бойы»

– 2021 жылға арналған облыстық бюджет 411,6 млрд теңге көлемінде бекітілді. Сессияның күн тәртібіне 2021-2023 жылдарға арналған бюджетті 18,9 млрд теңге сомасында алғашқы нақтылау мәселесін ұсынып отырмыз. Бұл қаржы 2021 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша қаражат қалдығын (1,7 млрд теңге) қайта бөлу, кіріс көзінің (14,1 млрд теңге) ұлғаюы, бюджеттік бағдарлама әкімшілерінің пайдаланылмаған және үнемделген қаржысы (3,1 млрд теңге) есебінен қалыптасты, – деді аймақ басшысы.

2-бет

БӘРЕКЕЛДІ!

АЙДОС АЛТЫН АЛДЫ

Алматыдан жағымды жаңалық жетті. Күрес түрлерінен өтіп жатқан Азия чемпионатында грек-рим күресінен сынға түскен жерлесіміз Айдос Сұлтанғали 60 келі салмақта алтын алып, Азия чемпионы атанды.

Ол алғашқы кездесуінде Оңтүстік Корея спортшысын 10:1 есебімен жеңсе, жартылай финалда ирактық қарсыласын 7:2, финалда ирандық Мехди Нижадты 8:4 есебімен ұтты.

Айта кетейік, А.Сұлтанғали 2015 жылы жасөспірімдер, 2016 жылы жастар арасында Азия чемпионы, 2017 жылы жабық кешендегі Азия ойындарының және Әлем чемпионатының, 2018 жылы ересектер арасында Әлем чемпионатының және 2019 жылы Бүкіләлемдік әскерилер ойынының қола жүлдегерін иеленген болатын.

Айдосты жарысқа білікті бапкер Ғабиден Райымбек дайындады.

Бүгін боз кілемге әйелдер күресінен Асылзат Сағымбай (53 келі) шықса, 17 сәуір күні еркін күрестен Сыр елінің мақтаныштары Дәулет Ниязбеков (65 келі) пен Ғалымжан Өсербаев (79 келі) өнер көрсетеді.

«СБ» ақпарат

ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

ХАЛЫҚ САНАҒЫНА САҚАДАЙ САЙ ӘЗІРЛІК КЕРЕК

Облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықованың төрағалығымен 2021 жылғы халық санағын өткізуге дайындық барысы туралы жиын өтті.

2-бет

ӘЛЕУМЕТ ПЕН ӘЛЕУЕТ

ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫ: ҚЫЗЫЛОРДАЛЫҚТАРДЫҢ ҮЛЕСІ ҚАНДАЙ?

Кейінгі уақытта халықтың жинақтаушы зейнетақы қорындағы қаржыға қатысты қызығушылығы артты. Президенттің пәрменімен оның бір бөлігін тұрғын үй жағдайын жақсартуға, емделуге және басқа шараларға пайдалануға болатыны жөніндегі хабар жер-жерде қауырт жағдай туғызды.

3-бет

ӘЛЕУМЕТТІК САЛА ӘРКЕЗ БАСЫМДЫҚҚА ИЕ

«Nur Otan» партиясының «Өзгерістер жолы: әр азаматқа лайықты өмір» атты сайлауалды бағдарламасын, жұмыспен қамтудың жол картасы шеңберінде 22 инвестициялық жобаны жүзеге асыру, 11 жоба бойынша биыл Қызылордада кредиттік тұрғын үй құрылысын жүргізу, сол жағалаудағы үйлердің инженерлік инфрақұрылымын дамыту негізгі шығын бағыттары ретінде аталды. Тұрақтандыру қорын қалыптастыру, әлеуметтік сауда дүкендерін салу, шағын және орта бизнес үшін кредитті ішінара кепілдендіру қажеттілігі де туындап отыр. Сондай-ақ кезек күттірмейтін маңызды мәселелерді шешу 1,4 млрд теңгені керек етеді.

Үшжылдық бюджет туралы облыстық мәслихат шешімін өзгертіп, толықтыру осылайша сессияның өзегі болды. Одан бөлек, амбулаториялық ем кезінде азаматтардың жекелеген санаттарына дәрі-дәрмек пен медициналық бұйымды қосымша беру, әлеуметтік маңызды жол қатынасы тізбесін айқындау, Қызылорда қаласындағы № 11 мектеп-лицейге Әбубәкір Тыныбаев есімін беру мәселелері көтерілді.

Сирек кездесетін ауру түрлеріне шалдыққан науқастар былтыр республикалық бюджет есебінен дәрілік препараттармен тегін қамтамасыз етілді. Бірақ кейін кейбір дәрі тізімнен алынып тасталып, ол үшін жергілікті бюджеттен шығындалуға тура келді. Осы орайда облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Сәбит Пазылов әлеуметтік осал топтағы науқастарды нозологиялық аурудың ауырлық деңгейіне байланысты тегін және (немесе) жеңілдікпен берілетін дәрілік заттармен қамтамасыз ету туралы шешімге өзгерістер мен толықтырулар енгізуді сұрады.

Ал облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы Мұрат Тілеуімбетов ауданаралық бағыттар тізбесін әлеуметтік маңызы бар қатынас түрі ретінде айқындауды ұсынды. Бүгінде ауылдарды аудан және облыс орталықтарымен жалғайтын 11 тұрақты автобус маршруты осы санатта. Облыстық бюджеттен бөлінген субсидия толығымен игеріліп келеді.

Облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Мира Қазбекованың хабарламасына сүйенсек, білім ордасына су шаруашылығы майталманының есімін беру мәселесі Президент әкімшілігімен келісілген. Халық қалаулылары ұсыныстарды бірауыздан мақұлдады. Айта кетейік, Ә.Тыныбаев әр жылдары халық депутаттары облыстық кеңесі атқару комитеті төрағасының орынбасары, Қазақстан Компартиясы Қазалы аудандық комитетінің бірінші хатшысы, Қазақ КСР мелиорация және су шаруашылығы министрі болды. Сыр өңірінде еңбек еткен уақытта күрішті суландырудың жаңа инженерлік алқабын жобалау, салу, игеру, аудандарда үлкен каналдар қазу, құрылыс жүргізу, оларды пайдалануға беру сияқты қыруар жұмыс атқарылды.

Күн тәртібіндегі соңғы сұраққа қатысты облыстық мәслихат хатшысы Наурызбай Байқадамов сөз сөйледі.

Облыстық сайлау комиссиясының құрамына «Ауыл» халықтық-демократиялық патриоттық партиясы облыстық филиалынан Болат Нақыповтың кандидатурасы қолдау тапты.

Жиын соңында облыстық мәслихат депутаты Шаһизада Әбдікәрімов көпқабатты тұрғын үйлер құрылысына қатысты бірқатар ұсыныс айтты.

– Сол жағалаудың сәніне сән қосқан үйлердің көптеп салынуы көңіл қуантады. Бірақ біз сапа мәселесін қаперден шығарып алғандаймыз. Жақында бір топ депутат сонда барғанымызда мынаған көз жеткіздік: үшбөлмелі үйдің көлемі 60-65 шаршы метр шамасында екен. Ауласы да тар, қозғалысқа ыңғайсыз. Құзырлы орындар алдағы уақытта осы жағын ескеруі тиіс. Қолжетімді баға – қолайлы өмір симметриясы сақталғаны жөн. Қызылордалықтар оны көптеген жыл бойы игілігіне пайдаланатындай болуы қажет, – деді Ш.Әбдікәрімов.

Сондай-ақ, депутат Қылышбай Бисенов жергілікті балабақшаларды қаржыландыру мәселесін қозғады.

1-бет

ХАЛЫҚ САНАҒЫНА САҚАДАЙ САЙ ӘЗІРЛІК КЕРЕК

Ұлттық халық санағы әлемде орын алған COVID-19 індетіне байланысты Қазақстан Республикасының барлық аумағында төтенше жағдайдың жариялануына және карантиндік шаралардың енгізілуіне сәйкес осы жылдың қыркүйек-қазан айларында өткізіледі деп жоспарлануда. Облыстық статистика департаментінің басшысы Мариям Баекеева ауқымды шараға дайындық барысын сөз етті.

– Халық санағы – бірнеше жыл жоспарланатын, кең масштабтағы, саяси іс-шара. Бұл халық жөнінде салыстырмалы толық әрі объективті ақпараттар алуға, белгілі бір кезең ұзақтығына елдің әлеуметтік-экономикалық дамуын жоспарлауға мүмкіндік береді. Қазіргі таңда, ұлттық халық санағының «Қазақстанда әркім маңызды!» атты девизі мен логотипі бекітілді. Облыс көлеміндегі идеологиялық тұрғыдан ескірген көшелерге, сонымен қатар шартты атаулы көшелерге жаңа атау беру мақсатында 2 шағын ауданға, 125 көшеге атау, қайта атаулар берілген. Осы жылдың 17 наурызында №17 облыс әкімдігі мен облыстық мәслихаттың бірлескен қаулы және шешімімен 44 көшеге атау және қайта атаулар берілді. Санақтың алғашқы 45 күні интернет желісі арқылы онлайн режимінде жүргізілетіндіктен, әсіресе ауылдық елді мекендердегі халық, сол учаскілерге келіп, санақтан онлайн режимінде өтсе деген ұсынымыз бар, – деді Мариям Баекеева.

Осы ретте аймақ басшысы халық санағын өткізу жоспарына сәйкес қала мен елді мекендердегі көшелердің атауларын, кварталдардың, үйлердің және пәтерлердің, саяжайлардың нөмірлерін ретке келтіру, тұрғын жайларды аншлагпен қамтамасыз ету жұмыстарын толығымен аяқтауды тапсырды.

– Халық санағы – мемлекеттік дәрежеге ие, көптеген сұрақтарға жауап беретін саяси іс-шара. Осыған сәйкес біз бұл жұмыстарды өте жоғары деңгейде атқаруға тиіспіз. Қызылорда қаласы мен барлық аудан орталықтарында, әрбір елді мекендердегі көшелердің атауларын, кварталдардың, үйлердің және пәтерлердің, саяжайлардың нөмірлерін ретке келтіру, тұрғын жайларды аншлагпен қамтамасыз ету жұмыстары толығымен дер кезінде аяқталсын. Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы халық арасында түсіндірме жұмыстары кеңінен жүргізілсін. Цифрлық технологиялар басқармасына барлық ауылдық округтердің мемлекеттік органдардың бірыңғай транспорттық орталығының арнайы қорғалған каналдарымен, байланыс жүйелерімен қамтылғандығы пысықталсын, – деді облыс әкімі.

Сондай-ақ өңір басшысы Арал мен Жаңақорған ауданы әкімдеріне ауыл-шаруашылық кітабындағы халық санын зерттеп, сәйкестендіруді тапсырды. Барлық кент, ауылдық округ әкімдеріне шаруашылық кітабындағы есепке алу деректері бойынша тұрғындардың ЖСН мен халық санын нақтылауды қамтамасыз етуді жүктеді.

1-бет

ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСТЕРГЕ МІНДЕТТЕР ЖҮКТЕЛДІ

Кеше облыс әкімі, «Nur Otan» партиясының облыстық филиалы төрағасы Гүлшара Әбдіқалықованың төрағалығымен өткен партияның Саяси кеңесі бюросының отырысында Қоғамдық кеңестердің төрағалары мен құрамы, жұмыс ережелері бекітілді.

– Өздеріңізге белгілі бұған дейін «Nur Otan» партиясының сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөнінде Жол картасы бекітіліп, оған жауапты фракция мүшелері мен орындаушылар белгіленді. Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асыру аясында партияның қоғамдық кеңестерінің жұмысы да қайта құрылымдалды. Жақында партияның Саяси кеңесі бюросының шешімімен партиялық кураторлар институтының орнына «Nur Otan»-ның сайлауалды бағдарламасының нақты бағыттарының іске асырылуын бақылауға негізделген республикалық 14 қоғамдық кеңес құрылды. Мұндай жұмыс облыстық деңгейде де қолға алынып отыр, – деді филиал төрағасы.

Жалпы, аталған Қоғамдық кеңестер Партия Лидерінің алға қойған міндеттерін ескере отырып, партияның сайлауалды уәделерінің орындалуын жүйелі бақылап, бюджет қаражатының тиімді және ашық жұмсалуына мониторинг жасайды. Оларға өңірлік дамуды жетілдіру бойынша тұжырымдамалық ұсыныстарды, нақты практикалық шешімдерді әзірлеу үшін диалог алаңына айналып, сарапшылар қауымдастығын өзекті әлеуметтік мәселелерді ашық талқылауға тарту, сондай-ақ азаматтық бастамаларға қолдау көрсету міндеті жүктеліп отыр.

Кеңестердің төрағалығына партия депутаттары мен белсенділерінен бөлек, үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері, сарапшылар мен ғалымдар, жалпы қоғамдық пікір көшбасшыларынан іріктелген, тиісті саланы жетік меңгерген тәжірибелі азаматтар ұсынылды. Бюро шешімімен «Отбасы, әйелдер және балалардың құқықтарын қорғау мәселелері» жөніндегі облыстық қоғамдық кеңес төрағалығына Р.Байназарова, «Экономиканы дамыту және кәсіпкерлікті қолдау» жөніндегі кеңеске Қ.Ильясов, «Білім мен ғылымды дамыту» жөніндегі қоғамдық кеңеске Г.Есқалиева, «Ұлт денсаулығы мәселелері» жөніндегі кеңеске Н.Әмитов, «Жұмыспен қамтуды және халықтың әлеуметтік әлсіз топтарын қолдау» бағытындағы кеңеске А.Есқараева, «Өңірлік даму» жөніндегі кеңеске Ж.Ысқақ, «Аграрлық секторды дамыту» кеңесіне Б.Махашов, «Экология жөніндегі» кеңеске Н.Аппазов, «Жастарды қолдау» жөніндегі кеңеске Мағжан Ералиев төрағалық етеді. «Партиялық бақылау» комиссиясына Абайбек Жүнісов басшылық жасаса, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі қоғамдық кеңес пен «Miras» аймақтық кеңесіне тиісінше Мақсұт Нәлібаев пен Баймырза Қожамберлиев жетекшілік жасайды.

Жалпы бюро отырысында партия ұйымдарының есеп беру-сайлау жиналыстарының және аймақтық, аумақтық партия филиалдарының есеп беру-сайлау конференцияларының өткізу кестелері бекітіліп, филиалдың кезекті XXVIII есеп беру-сайлау конференциясын шақыру туралы мәселелер де қаралды.

МАҢЫЗДЫ ЕКІ МӘСЕЛЕ ҚАРАЛДЫ

Кеше облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықованың төрағалығымен төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі облыстық комиссияның отырысы өткізілді. Жиынға комиссия мүшелері, облыстық департамент, басқарма, кәсіпорын басшылары және селекторлық байланыс арқылы қала, аудан әкімдері қатысты.

Комиссияда екі мәселе қаралды. Алдымен «Облыс аумағындағы қауіпті өндірістік объектілерде және ауыл шаруашылығы саласында аммиак селитрасын қауіпсіз қолдану жайлы сөз болды. Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің облыс бойынша департаменті басшысы Жанмұрат Балғабаев аммиак селитрасының айналымын бақылау, оның қауіпсіздігін сақтау өте өзекті екенін алға тартты. Сондай-ақ, аммиак селитрасын пайдалану және сақтаудың қауіптілігінен әлем елдерінің бірқатары зиян шегіп отырғанын да жасырмады. Мәселен, 2020 жылы 4 тамызда Бейрут қаласы портты аймағында 2750 тонна аммиак селитрасы жарылған.

«ҚазАзот» АҚ–аммиак және аммиак селитрасын өндіруші жалғыз компания. Оның жылдық өндіріс көлемі шамамен 350 мың тоннаны құрайды. 2018 жылдан бастап «ҚазАзот» АҚ өндірісті әртараптандыру мақсатында күрделі минералды тыңайтқыштар цехын жаңғыртуды жүзеге асыруда. Дайын өнім шығару қуатын арттыруға бағытталған жоба жылына 400 мың тонна минералды тыңайтқыш өндіруді жоспарлап отыр.

Жиында департамент басшысы кәсіпорындарда аммиак селитрасын қауіпсіз пайдалану бағытына жүргізілген тексеріс нәтижелеріне тоқталды. Қоймалардағы тиісті журналдардың болмауы, тазалық, қоймада басқа заттардың сақталуы сынды мәселелерде 3 жеке тұлғаға 37875 теңге, 2 заңды тұлғаға барлығы 277800 теңге айыппұл салынған.

Облыс әкімі өңірде аммиак селитрасын пайдаланатын қауіпті өндіріс орындары мен тыңайтқыш ретінде қолданатын ауыл шаруашылығы ұйымдары бар екенін жеткізіп, жауапты сала басшыларына есептілік арнап, мониторинг жүргізу қажет екенін ескертті. Сондай-ақ, аппарат басшысы Ерлан Райғаниевке жергілікті атқарушы органдардың әкімшілік құқық бұзушылық құзыреттілігіне қатысты химиялық өнім қауіпсіздігіне байланысты қолданыстағы заңнамалықтарды зерттеп, нәтижесі бойынша ұсыныс беруді тапсырды.

Мұнан бөлек, төтенше жағдайлар департаментіне облыс аумағындағы аммиак селитрасын сақтау қоймаларында өрт қауіпсіздігі талаптарының сақталуын қамтамасыз етуді жүктеді. Ал, көліктік бақылау инспекциясы мен полиция департаментіне инфрақұрылымдарға залал келтірмеу мақсатында республикалық және облыстық маңыздағы автожолдар бойында аммиак селитрасын қауіпсіз тасымалдау бойынша бақылау-қадағалау жұмыстарын күшейтуді міндеттеді. Өнеркәсіптік қауіпсіздік департаментіне барлық бағыттағы жұмыстарды үйлестіру жүктелді.

Екінші мәселе – «Өңірдегі барлық жер қойнауын пайдаланушы объектілерінің өртке қарсы жай-күйі. Бұл туралы облыстық төтенше жағдайлар департаментінің бастығы Руслан Қайрақбаев баяндады.

Өткен жылы өрт қауіпсіздігі талаптарының сақталуы бойынша 74 мұнай саласындағы объектілерге тексеру жүргізіліп, 215 бұзушылық анықталған. Талапты бұзған 30 субъекті заңды тұлға ретінде әкімшілік жауапкершілікке тартылса, оның ішінде 8 субъектіге 525 915 теңге айыппұл салынып, қалған 22 субъектіге «ескерту» шарасы көрілген.

Департамент басшысы мұнай саласында орын алған өрт оқиғаларына да тоқталды. Айтуынша, кейінгі 4 жылда мұнай саласындағы объектілерде 7 қауіпті өрт оқиғасы орын алып, салдарынан 3 адам қаза тапты. Өрт оқиғалары қауіпсіздік талаптарының толық сақталмауынан туындаған.

Департамент бастығы өңірдегі өрт оқиғаларының жиілеу себебін ескере келе бірқатар ұсыныстарын жеткізді.

Осы ретте облыс әкімі сала басшыларына нақты тапсырма берді. Мәселен, төтенше жағдайлар департаментіне өңірдегі барлық жер қойнауын пайдаланушы объекті басшыларымен бірлесе отырып, мемлекеттік емес өртке қарсы қызмет күш-құралдары мен жеке құрам санының қолданыстағы заңдылықтар талаптарына сәйкестендірілуін ұйымдастыруды, бірлескен өзара іс-қимыл жоспарларын әзірлеп, бекітілуін қамтамасыз етуді тапсырды. Сондай-ақ, мұнай компанияларының басшылары өздеріне қарасты мұнай кеніштерінде жұмыс жасап жатқан мердігер мекемелердің жаңартылған тізімін жылына 2 рет төтенше жағдайлар департаментіне ұсынуды, өрт сөндіруге арналған газ-су сөндіру автокөлігін алуды қарастыруды жүктеді.

● #ЖАҚЫНЫҢАЖАНАШЫРБОЛ

БАҚ-ты парақтасаң немесе әлеуметтік желіні ашсаң, «Сақтық – саулықта, Жақының жанашыр бол!» деген ұран сөздерден көз сүрінеді. Статистиканы қарасаң, індетке қатысты сәт сайын өзгеріп тұрған саннан жаңылысың. Қынжылтатыны – вирустың күннен күнге өршуі. Соны білсек те, көбіміз «Құдайдың көзі түзу болсын!» деп қаннен-қаперсіз жүрміз. Сауда орталықтарына барсақ, бетпердені қолына іліп алып жүрген тұрғындарды байқаймыз, сондағысы «ескерту жасап қалса, көрсетермін» деген оймен ала шыққаны, тойдан да қалыс қалғысы жоқ. Вакцина десе, екіойлы болатынымыз тағы бар. Сонда біздің денсаулық кімге керек?

Sb **Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ,**
«Сыр бойы»

САНАДАН САҚТЫҚ ШЫҚПАСА...

Ағылшын жазушысы Томас Фуллер «Дертке шалдыққанша, денсаулықтың қадірін ешкім де білмейді» деген. Бұл сөз дәл бүгінгі күнге қарата айтылғандай. Себебі, жауапты мамандардың дабыл қағуының кемі жоқ. Елімізде 14 сәуірде 2229 адамнан коронавирус індеті ПТР арқылы расталған. Денсаулық сақтау министрлігінің ақпаратына сүйенсек, 12 наурыз бен 12 сәуір аралығында ауруханаға жатқызылғандар саны 4713-тен 12349-ға дейін, яғни 2,6 есеге өскен. Өлім-жітімнің артқаны байқалады. Бұл көп нәрсені аңғартып тұр.

Алысқа бармай-ақ, өзіміздің өңірді алайықшы. Ахуал алаңдатарлық, себебі «сары» аймақтамыз. 13 сәуірдегі мәлімет бойынша коронавирус инфекциясын жұқтырған 32 науқас тіркеліп отыр. Жалпы, өткен жылдан бері індетпен тіркелген науқас саны – 4490. Оның ішінде бір жасқа дейінгі сәбилердің вирус жұқтыруы алаңдатады. Мамандар да эпидемиологиялық ахуалдың күн сайын күрделеніп жатқанын айтып отыр. Карантин талаптары күшейтілді, кезекті №8 қаулы да қолданыста.

– Жыл басынан бері жоғары көрсеткіш ақпан айында тіркелді, 240 жағдай. Ал, сәуір айының небәрі сегіз күнінде 244 адам қатерлі дертке шалдықты. Аймақта ойын-сауық шараларын, сондай-ақ отбасылық, салтанатты, естелік іс-шараларды өткізуге, мерекелік корпоративтерді ұйымдастыруға тыйым салынған. Соған қарамастан, той өткізу, қонаққа бару әлі де азаяр емес. Жыл басынан бері 45 мониторингтік топтың рейдтік тексерісі арқылы 1904 нысан қамтылған. Нәтижесінде 137 карантин талаптарын бұзу анықталды. Оларға жалпы сомасы 11576735 теңге әкімшілік айыппұл салынды. Бұл ересек адамдардың өздеріне қауіп төндірумен қатар, аурудың топтасқан жағдайларының тіркелуіне әкеп соқтыруда. Сақтық маңызды, – дейді облыстың бас мемлекеттік санитариялық дәрігері Динара Жаңабергенова.

Кезекті Үкімет отырысында да Премьер-министр елімізде эпидемиологиялық жағдай күрделі екенін баса айтты. Ауруханалардағы орындардың 41 проценті, реанимациялық орындардың 27 проценті науқасқа толған. Вирустың репродуктивтілік индексі 1,15%-ті құрайды. Бұл ретте Асқар Мамин әкімдердің жедел түрде шектеу шараларын қабылдау тиістігін, барлық емдеу мекемесі дәрі-дәрмек пен медициналық бұйымдардың қажетті көлемімен қамтамасыз етілуі керектігін айтты. Сондай-ақ, мамыр мен маусым айында, жоспар бойынша 2 миллион адамға вакцина егуді тапсырды. Ол үшін Денсаулық сақтау министрлігі мен әкімдіктер қоғамдық орындарды, соның ішінде сауда орталықтарын пайдалана отырып, вакцинацияның қолжетімділігін қамтамасыз етуі тиіс. Қолдағы мәлімет бойынша 14 сәуірде Қазақстанда 435 393 адам коронавирусқа қарсы вакцина салдырған. Облыс бойынша да 11976 тұрғын екпенің I компонентін, 3350-і II компонентін алған.

Бірер күн бұрын мұсылман қауым 30 күн ораза ұстауға кірісті. Бұл ретте «сары» аймақта тұрған облыста жұма, тарауих намазында санитарлық талаптарды сақтай отыра қысқа сүрелер оқылады. Сондай-ақ, 50 адамға дейін, тек талапқа сай келетін мешіт асханаларында ғана ауыз ашуға рұқсат берілгенін тағы бір еске саламыз. Медицина мамандары созылмалы ауруы бар және дене қызуы көтерілген адамдар дәрігермен кеңесіп, қажет болған жағдайда оразадан бас тартуы керектігін айтады. Оған қоса ҚМДБ «Вакциналау инфекциялық аурулардың алдын алады және адамның иммунитетін көтереді. Ол дәрумен емес. Сол себепті екпе терінің астына, бұлшық етке немесе қан арқылы енгізілсе, ораза бұзылмайды» деп ресми мәлімдеді. Қалай десек те, біз өз-өзімізді күтуіміз керек. Бұл мақаланы да әлдекімнің бойына үрей билету үшін емес, сақтық санамыздан шықпаса деген ниетпен жарияладық. Денсаулық ақшаға сатып ала алмайтын байлық екенін ұмытпайық!

● COVID-19: ПІКІР-ПАЙЫМ

БІРЛІГІМІЗ БЕКЕМ БОЛСА, ТІРЛІГІМІЗ ТҮЗУ

Адамзат баласы ғасырлар бойы талай індетті басынан кешірген. Медицина дамымаған дәуірде сондай індеттерден миллиондаған адам құрбан болған. Өркениетке енген өмір көшінде жаппай таралатын жұқпалы кеселдердің жолын кесудің тиімді тәсілі табылды, ол – вакцинация. Төтенше дерттен құтылудың бірден-бір жолы вакцинациялау екенін әлемдік тәжірибе дәлелдеді. Қазір Ресей, Америка, Қытай секілді алып елдер, бүкіл еуроодақ елдері вакцинациялау әрекетін жедел жүргізіп жатыр. Өйткені, мемлекеттің тірегі халықты аман сақтау ең басты міндет болып отыр.

Әртүрлі алыпқашпа сөзге сенетін жұртшылық тарапынан бұл араша түсу әрекетіне қарсылық білдіріп жүргендер де бар. Көпшілік мұны ақиқат тұрғысынан түсінуі тиіс, ақиқатында, вакцина дерттің бетін қайтару, елдің денсаулығын, қала берді тұтастығын сақтау үшін жасалады. Ғалымдар халықтың шамамен 70 проценті осы медициналық екпеден өткен жағдайда қоғамдық иммунитет көтеріліп, кеселдің беті біржола қайтады деген нақты есепке жүгінеді.

Қазір елордалықтардың вакцина салдыру үшін медициналық мекемелерде 500 адамға дейін кезек күтіп тұрғанын біліп отырмыз. Бұл олардың вакцина мәселесін дұрыс түсінгендігін көрсетеді. Сондықтан қазір адамдарға үйінде отырып, телефон арқылы кезекке тұрып, екпе салдыру мүмкіндігі қарастырылды.

Мен өзім 5 сәуір күні вакцина салдырдым, ешқандай жайсыздықты сезінбедім, керісінше бойымда кеселді жеңеміз деген сенімділік пайда болды. Енді егудің екінші кезеңінен өтемін.

Халқымыз «бірлік бар жерде – тірлік бар», «бөлінгенді бөрі жейді» деген сияқты нақыл сөздерді бір күннің оқиғасынан шығарып айтпаған. Мұндай тәлімді сөздердің мыңжылдық мирас екені анық. Ендеше, жерлестерім, бірлігімізді сақтап, тірлігімізді түзейік, бөлініп «бөріге» жем болмайық дегім келеді.

Қылышбай БИСЕНОВ,
академик

КЕСЕЛ КЕҢ ЖАЙЫЛЫП КЕТПЕСІН

Әлемде коронавирус қаупі түпкілікті жоғалып кеткен жоқ. Ойлап қарасақ, пандемия деген сөздің өзінің қазақша мағынасы «барлық адамға тиесілі» дегенді білдіреді. Пандемия — аурудың жаһандық ауқымда таралуы. Сондықтан өте үлкен сақтық керек.

Соңғы кезде Қызылорда қаласы бойынша дерттің бірнеше мәліметтері алдымыздан шықты. «Сары аймаққа» кірдік деп жатыр. Бірақ, мұны атқарылып жатқан шаралардың жүйесінен көре алмаймыз. Жергілікті билік мүмкін болған барлық жағдайды атқарып отыр. Ендеше, барлығымыз қарапайым қағиданы бұзбай, шектеу тәртібінің шегінде ғана тірлік еткен абзал. Бұл – қазіргі кезеңдегі ең керекті шарт.

Ал, енді осы жанкешті еңбекті бағаламай, тәртіпті белден басып, шектеу ережелеріне бағынбай жүрген қисық-қыңырлар да бар. «Қисық арба жол бұзар, қыңыр адам ел бұзар» дейді халқымыз. Дәл осы күні өзіңе жақсылық жасау арқылы өзгеге де жақсылық жасаудың маңызы артып тұр. Талап пен тәртіпке мойынсұнуды біз жеке бастың шектеуі емес, кеселдің кең жайылып кетпеуіне қосып жатқан үлесім деп білуіміз керек.

Бүгінгі таңда әлемдік ақпар коронавирустан көз жұмғандар саны 3 миллионға жуықтады деп отыр. Жер бетіндегі жеті миллиард адамның бірі өзіміз екенімізді, олардан жұмысымыз бөлек болғанмен, тынысымыз ортақ екенін естен шығармауымыз қажет. Егер терең ойлап қарасақ, осы күндердегі жеке іс-қимылымызбен келешек ұрпаққа қызмет етіп жатқанымызды сезінер едік.

Бастан өткеріп отырған кезеңнің сипатын санамен ұғатын көпшілік қауым мұны бұра тартатындарға барынша түсіндіре білейік.

Базарбай АТАБАЕВ,
медицина саласының
ардагері

«ҚАЗАҚ» АТАУЫ ҚАЙТҚАН КҮН

Осыдан тура 96 жыл бұрын, яғни 1925 жылдың 15 сәуірі күні Қызылордада Қырғыз (Қазақ) АКСР Кеңестерінің V съезі басталды. Съезде ең маңыздысы және бастысы халқымызға өзінің тарихи «қазақ» аты қайтарылып, жаңа астананың Ақмешіт атауы Қызылордаға ауыстырылды. Осы тарихи датаға орай Ә.Тәжібаев атындағы облыстық ғылыми-әмбебап кітапхана директоры, тарих ғылымдарының кандидаты Нұрлыбек Мыңжастың мақаласын оқырман назарына ұсынып отырмыз.

1924 жылы Кеңес өкіметінің шешімімен Орта Азия республикаларын ұлттық-территориялық жағынан межелеу саясаты қолға алынғаны белгілі. 1926 жылы аяқталған осы мемлекеттік межелеудің нәтижесінде Сырдария мен Жетісу облыстары, Қарақалпақ автономиялық облысы Қазақстанға қосылды. Бұл ұлттық біртұтас мемлекет жасауға бағытталған маңызды қадам болатын. Ендігі кезекте елдің іргесін бекіте түсу үшін алдымен орталық қаланы анықтау келелі міндеттердің бірінен саналды. Қазақ автономиясының жаңа астанасы болуға лайық қалалар қатарында Ақтөбе, Ақмола, Шымкент, Әулиеата, Ақмешіт қалалары аталды. Бұған дейінгі болған Сырдария губерниясының I партия конференциясында Ташкент қаласы да астана ретінде ұсынылған еді. Ташкентке қатысты Қожанов бастаған топ оны қазақтарға қалдыруға тырысып-ақ бақты. Алайда, астана қылмақ тұрмақ ежелден қазақтардың ірі орталықтарының бірінен саналатын Ташкент жарты жылдан астам талас-тартыстан соң РКП(б) Орталық Комитетінің біржақты шешімімен 1924 жылдың қараша айында өзбектерге біржола беріліп кетті.

Орталықты Орынбордан басқа қалаға ауыстыру туралы мәселе 1925 жылдың 9 ақпанында Қырғыз Орталық атқару комитетінің президиумында қаралды және қорытындысында жаңа қазақ астанасын Ақмешітке көшіру туралы қаулы қабылданды. Қазақ Республикасының бас қаласын ауыстыруға бұдан 2 ай бұрын, яғни, 1924 жылдың 29 желтоқсанында сол кездегі Қазақ обкомының екінші хатшысы, республика Орталық Атқару комитетінің төралқа мүшесі С.Қожановтың Ресей Коммунистік партиясы Орталық комитетінің Бас хатшысы Сталинге жазған хаты түрткі болды.

Тәжірибелі саясаткер ол хатында «...Терендеу керек, қазақ бұқарасына денден ену керек, шынайы реңкі бар партиялық қоғамдық пікір туғызу ләзім, қажет кезде тек «бастыққа» емес, бұқараға жүгінуді дәстүрге айналдырған жөн», – деген міндет қойылуын көтерді. Өйткені, қазақтың 20-жылдардағы партиялық ортасына негізсіз егес, ұрыс-қағыс, саясатшылдану мен ұшы-қиырсыз ру мүддесін күйттеу жолында терісті жанталаса қостай кету әдеттері тым денден сіңіп кеткенін ашық жазған болатын.

«Лениншіл жастың» 1925 жылғы 1-2 нөмірлерінде «Қазақстан астанасы – Ақмешіт» тақырыбымен Аймақтың партия комитетінің хатшысы С.Қожановтың сұхбаты жарияланды. Сол сұхбатында Сұлтанбек Қожанұлы «Ақмешітті неге орталық қылып сайлады?» деген сұраққа былайша жауап береді: «Қазақстанның Бөкей, Қостанай және Семей губерниаларынан басқа, былайғы 5 губерния үшін, сонсоң Қарақалпақ облысы үшін тұрған орны дәл орталыққа қолайлы осы – Ақмешіт (Перовск). Ақмешіттің ауданы, төңірек-айналасы-қазағы көп (75-90 процент) жерлер, екінші, ол Ташкент темір жолының үстінде, Сырдария өзенінің жағасында. Бұл араларда келешекте су жолын, су қатынасын жасап, жер сонылау (суғару), тағы да қазақтың ауыл шаруашылығын көркейтіп, мәдениет жолына түсуге табиғат байлығы алақандағыдай, мейлінше пайдалан. Ақмешітте осы күннің өзінде-ақ сол жолғаептеп түскендер жоқ емес.

Бұрынғы Қазақстанның Ақмешітке жуық, қоныстас жатқан губернияларын санамай-ақ, Ақмешіттің өзінің ғана бетжүзіне қарап отырған қарақалпағы, қара қазағы барлығы 2 миллионнан астам. Одан соң қазақтың ішінде орталық болуға лайық жалғыз қазақ қаласы жоқ. Міне, осы жоғарғы айтылған себептердің күштілігімен Ақмешіт қазақ мемлекетінің астана жері болып белгіленбей болмайтын болды. Үкіметтің орталық шәрі қылып Ақмешіттің белгіленуіне себеп болған тағы бір үлкен себеп – Сырдария өзенінің жағасынан мақта егіп, өсіру жұмысына қолайлы жердің барлығы» деп жауап берген. (С.Қожанов Шығармалары. Құрастырушы: профессор А.Шәріп. «Арыс» баспасы», Алматы, 2009 ж).

Қызылорда қаласының 180 жылдығына орай С.Қожановтың өмірі мен қызметін жан-жақты зерттеген ғалым А.Шәріптің «Қожановтың Қызылордасы» деген мақаласында, сондай-ақ, белгілі жорналшы М.Жетпісбаевтың осы тақырыпта Абай.kz сайтындағы сараптамалық шолу мақаласында да Қазақ автономиясының болашағын бәрінен терең бағамдай білген сол кездегі бірден-бір қарымды қайраткер С.Қожановтың «Қазақтың астанасы орыстың туы тігілген қалада емес, қазақтың киіз ауылында болса да, қазақ ұлты жұртшылығына жуық болуы керек!» деген жігерлі кесімі, тегеурінді шешімі орынды келтірілген. Осының өзі көп нәрсені аңғартса керек.

Орынборда Қазақ автономиясының болашағы жайлы басқосулар ұйымдастырылып, партиялық мәжіліс-жиындар жиі болып тұрды. 1925 жылғы 9-11 сәуірде Ресей Компартиясы Қазақ өлкелік комитетінің үшінші пленумы болып өткен-ді. Алайда, қолда бар құжаттарда алдағы Ақмешітте өтетін съезге қатысты мардымды мәселе қойылмаған секілді.

Сол пленумда Казкрайкомның бірінші хатшысы Виктор Нанейшвили өлкелік комитеттің ұйымдық баяндамасын оқыған күннің ертеңіне барып, ашылуына бес күн қалған Бесінші Қазақстан Кеңестер құрылтайының мәселелері туралы С.Қожанов арнайы баяндама жасады. Кеңестердің 5-Бүкілқазақ құрылтайының жұмысы мен ондағы комфракцияны басқару үшін Ақмешітке жүретінін хабарлады.

«Егемен Қазақстан» газетінің сайтында 2020 жылдың 20 сәуірінде жарияланған мақаласында Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бөлім меңгерушісі, тарих ғылымдарының кандидаты Сәбит Шілдебай съездің қандай мәселелер қарағанын таратып жазады:

«1925 жылы 15-19 сәуір аралығында Қырғыз (Қазақ) АКСР Кеңестерінің бесінші бүкілқазақ съезі Ақмешіт қаласында өтті. ҚазОАК төрағасы С.Меңдешев сәрсенбінің сәтті күні кешкі сағат 21:00-де съезді салтанатты түрде ашық деп жариялап, бір республика құрамына біріккен қазақ халқын құттықтады. Съездің күн тәртібінде төмендегідей мәселелер қарастырылды: 1) Қазатком мен Қазхалкомның есептік баяндамасы; 2) ҚАКСР-дегі халық ағарту ісінің кезекті міндеттері туралы; 3) ҚАКСР-дегі жерге орналастыру мен суару туралы; 4) Сауда мен кооперация туралы; 5) ҚАКСР-дегі қаржы жағдайы; 6) Қазатком құрамын және Кеңестердің Бүкілресейлік съезіне делегаттар сайлау. Съезге барлығы 394 делегат шешуші және 52 делегат кеңес беруші дауыспен қатысты. Съезге жерден сайланып келген 394 делегат шешуші дауыспен, 52 делегат кеңесші дауыспен қатысты. Делегаттардың 284-і РКП(б) мүшесі, 41-і мүшелікке кандидат, 4-еуі комсомол болса, 65-і партияда жоқтар еді. Съезд делегаттарының 258-і (65,5%) жергілікті ұлттар (қазақ, өзбек, қырғыз және т.б. түркі халықтары) болса, 136-сы (34,5%) европалық ұлт өкілдері болды. Жыныстық құрамы бойынша 29 әйел болса, 365-і ерлер болды» дейді автор.

Съезде орнықты баяндамалар жасалды. Ұлттық-мемлекеттік мүдде тұрғысынан маңызды пайымдар білдірілді. Талқылаулар болды. Тек қозғалмағаны – автономиялық республиканың Ресей Федерациясы құрамынан шығып, басқа да ортаазиялық көршілері тәрізді, тәуелсіз республика дәрежесіне көтерілу, сөйтіп, одақтық мәртебемен, Кеңестік Республикалар Одағына тең құқықпен, келісімшарт негізінде ену ниеті. Бұлар жөнінде өкілетті жиын өз сөзін айтпады. Дұрысында, ондай мәселені делегаттар қозғамады. Әрине, ұйымдастырушылар тарапынан күн тәртібіне де шығарылмады. Сөйтіп, бұл мәселе жөнінде бұдан бұрын, Қазақ Орталық Атқару Комитетінің 1924 жылғы қыркүйекте өткен сессиясы қабылдаған қарар құдды болмаған секілді ұмыт қалдырылды.

Құрылтайды ашқан сөзінде Қазатком төрағасы: «Қазақ Республикасы Кеңестерінің 5-съезі екі маңызды сәтке байланыстырылып отыр», – деген еді. Бұл құрылтайдың «барлық қазақ халқының бір республикаға, бір мемлекеттік құрылымға біріктірілгенінен кейінгі және Қазақ Республикасының орталығын Ақмешіт қаласына көшіруден кейінгі бірінші съезд» екеніне екпін беріп, соған байланысты құрылтай алдында «төтенше маңызы бар ұйымдық мәселелер» тұрғанын айтқан. Алайда, республиканы одақтық дәрежеге көтеру қажеттігін сол мәні ерекше мәселелер қатарына қоймады. Аса маңызды мәселелер ретінде «Қазақ Республикасын одан әрі жағдайластыру» жайы бірінші аталған. Осы мәселе ішкі мағынасы жағынан сол проблемаға назар аударту керек еді, бірақ іс жүзінде олай болмады.

Батыс Еуропада эмиграцияда жүрген М.Шоқай сол жылдары «Түркістандағы Кеңес билігі іс жүзіндегі орыс билігі. Кеңес Үкіметінің табиғатында ұлттық мәселе құндылыққа жатпайды» деп жазды. Расында К.Маркс пен Ф.Энгельстің «Манифестіндегі» «Жұмысшыларда Отан жоқ» деген ұранына елтіп, билеуші коммунистік партия үйреткен таптық мүддеге ұлттық мұраттарды құрбан ету дағдыға айналған нәрсе болатын-ды.

Орыс пролетариаты диктатурасын орнықтырушы өкіметтің өкілі Тологонцев қазақ құрылтайында жасаған баяндамасынан кейін, өзіне қойылған сұраққа байланысты: «Қазақияның ашаршылыққа ұшырған жерлеріне, егер ол дәлелденер болса, орталық жәрдем көрсетеді», – деп жауап берді. (Назар аударыңыз – аштық бары дәлелденер болса ғана өкімет тарапынан көмек беріледі!) Артынша: «...бұл мәселені, шамасы, жергілікті ЦИК (Орталық Атқару Комитеті) көтерді, ыңғайына қарағанда – пікірталастар да болған шығар», – деп қосты. Ал «жергілікті ЦИК-тің» төрағасы С. Меңдешев сол орайда: «Орталық алдында (яғни Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитетінің алдында) әлдебір жер ашығын жатыр деп дәлелдеп-негіздеу – қиынның қиыны, – деді. Сосын былай жұмсартты: – ...Кейінгі кезде бізде мынандай дерек бар – республикамыздың жекелеген аудандарындағы ауыр жағдай туралы біздің мәліметтеріміз, дегенмен, орталықты иландырыпты, енді қажет жәрдем көрсетілетін болады».

КирЦИК (ҚазОАК) төрағасы С.Меңдешев үкімет атынан жасаған баяндамасында Ақмешіттің астана болғанын айта берді. Ал бұған дейін астана етуді көздеген Ташкентті неге ала алмағандарын айтпады. Сондай-ақ, КирЦИК-тің 1924 жылғы екінші сессиясында Ташкентке балама нұсқа ретімен белгіленген Шымкентті, сөйтіп үкіметке астананы шұғыл түрде сонда ауыстыру жайында тапсырма берілген қарарды ауызға алмады. Шымкентке қалайша көшпегендерін ақпарат ретімен де қозғамады. Есесіне, жоғарыдан оқығанымыздай, Ақмешіт жайын дәйектеді.

«Революциядан кейін қазақ халқы азамат соғысының аса төтенше күйзелтулеріне душар болды, сөйтіп Кирреспублика құрылысы 1919–20 жылдары түк жоқ дерлік бос жерде басталды. Содан, міне, 5 жыл ішінде, артта қалудың, талқандалып, күйзелтілудің, стихиялық ашаршылық апаттарының айтып жеткізгісіз ауыр жағдайында, Қазақияның еңбекші бұқарасы дамылдамастан тасқа тас қалап, өз республикасын құрды. ...Осы 5 жыл ішінде біз Қазақ Республикасының бекем іргетасын салып үлгердік деп батыл айтуға болады. ...Есеп беріп отырған кезеңдегі біздің республика өмірінің аса маңызды сәті – барлық қазақ жерін бір республикаға біріктіру – Қазақ Ұлттық Республикасын рәсімдеу болып табылады» деген сияқты жалпылама сөздермен баяндама жасады. Сондай-ақ, бесінші съездегі үкімет баяндамасында: «Бізде халық тұтынатын тауарлар жасайтын фабрикалар мен зауыттар жоқтың қасы. Біздің өнеркәсібіміз негізінен кен қазушылық сипатта – мұнай көздерін, тас көмір, тұз, металл кендерін және с.с. ашып өндіру. Біздің өнеркәсіп қалың халық бұқарасына қызмет көрсетпейді, сондықтан өнеркәсіптің дамуы тікелей күллі Кеңес Одағы өнеркәсібінің дамуына тәуелді», – деген мойындау жария болды.

Дегенмен, осы съезде ұлттық мемлекет үшін күрестің жанданғаны, оның басты бағыты айқындалғаны ашық айтылды. Ең маңызды сұрақтың бірі қазақтарды жерге орналастыру мәселесі болатын. Бұл бойынша С.Меңдешевтің «қазақ халқы жерге орналастырылып болғанша басқа халықтарға жол бермеудің қажеттігін» баяндағаны маңызды жаңалық болды десек, артық етпес.

Бұл жөнінде Наркомземнің – республиканың жер жөніндегі халық комиссары Ғалиасқар Әлібековтің баяндамасында жер-су жайы кеңірек және жан-жақты талданды. Баяндамашы проблеманың тарихи тамырын жүйелеп ашты. Ол қазақ өлкесінің отарлануында: а) өз еріктерімен қоныстануға орыс жерінен келген қилы бақ іздеушілер мен қашқындар жасаған отарлау, бұл XVI ғасырдан басталды; ә) орыс үкіметінің сауда-өнеркәсіп муддесін көздеген әскери-әкімшілік жолмен отарлауы, бұл XVIII ғасырдан басталды; б) XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басынан бері, орыс шаруаларын көшіріп-қоныс аударту жолымен отарлау іспетті үш басты дәуір болғанын ашық мәлімдеді.

Жер комиссариатының мәліметі бойынша сол кездегі Қазақстандағы «барлық жер аумағы 202.962.345 десятина, оның ішінде жарамды жер көлемі 38.170.000 десятина». Солай бола тұра «Переселен толқынының қысымымен қазақ бұқарасы шөбі жұтаң, суы аз, құмдауыт жерлерге ығысуға мәжбүр болды. Осы апатты саясат өлке экономикасын тез құлдыратты. Егер өткен ғасырдың 70-жылдары бір қазақ шаруашылығына 59 бас малдан келсе, 1914-1915 жылдары переселен қозғалысының артуымен бұл цифр 25-26 басқа шейін төмендеді», – деп көрсетті наркомзем Ғ. Әлібеков.

Осы орайда Жер комиссариаты орындалуы қажет шаралар ретінде мыналарды атады (олар съезд қарарымен заңдастырылды): а) жаппай жерге орналастыру аумағына барлық переселен учаскелерін қосу, бұл ретте олардың көш жолында жатқандарының қоныстанушыларға толған-толмағанына қарамау; ә) 1924 жылғы 17 сәуір Ережесінің күші жүрмейтін переселен учаскелерінде отырған тұрғындарды өз учаскелерінің 1917 жылға дейін белгіленген шегінде, қосымша жер кесіп бермей орналастыру; б) сырттан көшіп келушілердің және ҚКСР-дегі ішкі қоныс аударушылардың «қазақтың пайдалануына жататын жақсы жерлерді және қазақ-орыс территориясын» өз беттерімен басып алуларынан сақтану үшін – өз беттерінше қоныстануды доғарту, 1922 жылғы 31 тамыздан кейін өз бетімен келгендерді жер-қожалық беру шараларымен қамтымау; в) ҚКСР-дің барлық аудандарындағы қазіргі кезде қолда бар, сондай-ақ анықталған бос және артық жерлердің бәрін 1924 жылғы 17 сәуір Ережесімен әрекет етуге жататын, жерге орналастырудың біртұтас қоры деп есептеу. Сосын баяндамашы осы қорды жоспарлы түрде пайдалану реттерін баяндады.

Алайда, Бесінші құрылтай тұжырымдаған ұлттық-мемлекеттік муддені қорғауға бағытталған бұл шешім де орындалған жоқ. Тағы бір өзекті мәселе Қарулы күштерді қалыптастыру болатын. Бұл мәселеде съезде мардымсыз талқыланды, сол себептен түсініксіз туындеді. Бұл жөнінде Б.Қойшыбаев «баяндамашының ұлттық әскери құрамалар туралы» сөзін қазақтардың Қызыл Армия қатарына азын-аулақ өз еріктерімен кірген сәттері болғандығымен сабақтады. Бірақ «Алашорда» Халық Кеңесі құрған іс жүзіндегі ұлттық құрамалар жайында жұмған аузын ашпады. Ол, әрине, мүмкін емес те жәйт еді. Себебі, «Алаштың Ойылдағы атты полкы» туының 5-съезд сахнасына ілінуін (мұны әйгілі «Өмір мектебінде» С. Мұқанов куәландырады) аңғарып қалған қазақ большевиктері құрылтай ашылардың алдында үлкен дүрбелең туғызған. Содан да болар, тек «қазақ ұлттық бөлімшелерінің Кеңес Одағы қарулы күштері құрылысының жалпы жүйесіне кіретінін» айтты. Сосын «18-ші жаяу әскер командалық құрамының мектебі өзгертіліп, Қызыл Армияның командалық құрамының КирЦИК атындағы 8-ші ұлттық мектебі» болғанын, оған 119 жас қазақ қабылданғанын, қазақ бөлімшелерін одан әрі де құра беру жөніндегі жұмыс жалғаса беретінін баян етті» деп әділ бағалайды.

Бір қызығы, съездің күн тәртібінде қазақ халқына тарихи «қазақ» атауын қайтару мәселесі болмаған. 19 сәуірде таңертең өткен съездің 8-соңғы мәжілісінде тек Қазатком құрамы мен Бүкілресейлік Кеңестер съезіне делегаттар сайлау мәселесі қалған еді. Бірақ қазақ қайраткерлерінің бейресми жиынында қабылданған ортақ шешімге сәйкес (кейбір естеліктерде С.Қожановқа осындай ұсынысты дастарқан басында Қ.Қожықов айтты деп көрсетіледі), күтпеген жерден сөз алған РКП(б) Қазөлкекомының екінші хатшысы С.Қожанов «киргиз» атанған қазақ халқына тарихи дұрыс атауын қайтару, республиканы «Қазақстан» деп атау және Ақмешіт атауын Қызылорда деп өзгерту туралы ұсыныстарды біртіндеп жариялады. Съезд делегаттары бұл ұсыныстарға орындарынан тік тұрып, қызу қол шапалақтап, осы арқылы қолдау көрсетті. Осылайша 1925 жылы 19 сәуірде қазақ халқы өзінің тарихи атауын қайтару туралы шешім қабылдап, шешімді бекіту үшін Бүкілресейлік ОАК қарауына ұсынды. БОАК бұл шешімді 1925 жылғы 15 маусымда ресми түрде мақұлдаған декрет қабылдаған соң, шешім заңды күшіне енді. Осылайша қазақ халқы өзінің тарихи атауын қалпына келтірді.

Съездің күн тәртібіне кірмесе де, С.Қожановтың халқымыздың кейінгі өмірі үшін батыл да сәтті бастама көтергені туралы белгілі алаштанушы Б.Қойшыбаев «Сұлтанбек Қожанов» атты жинағында нақты атап өтеді. Съезд аяқталар күні бірнеше рет сөз алып, мінберге шыққан саясаткер ой-орамдары мынадай:

«...Айтпақшы тағы мынандай жәйт бар. Қырғызды, яғни нағыз қырғызды кара киргиз, бізше қара қырғыз деп те атайды. Бірақ бұл қара киргиз емес, оларға орыстар сондай ат қойған. Біз жәй ғана қазақтармыз, бізді өз казақтарынан ажырату үшін киргиз деп, ал қырғыздарды қазақтардан ажырату үшін оларды қара-киргиз деп атаған. Осы шатастыруларды енді түзеген жөн, болашақта киргизді қазақ деп, ал елді Қазақтыкі, яғни Қазақстан деп атауды заңдастыру керек. Мен осы атауды бекітіп, соншалықты әдемі емес таңбаны жауып тастауды ұсынамын. Кеңестердің Бесінші бүкілкиргиз съезі «қазақ» атауын киргиз халқының аталымына және «Қазақстан» атауын Киргиз Республикасына беруді заңдастырсын».

Ұсыныс ду қол соғумен қарсы алынды. Қолшапалақ дыбысы басылғанда, құрылтай төрағасы алдымен Қожанов сөйлердің алдында жария етілген құжат жобасын – съездің үндеуін дауысқа қояды. Үндеу бір ауыздан қабылданды. Келесі ұсыныс: «Киргиз Республикасын да Қазақ Социалистік Кеңестік Республикасы деп қайта ат қою», –дей бергенінде жұрт ду ете түсіп қол соғып жібереді. «Мен бұл қол шапалақтауды осы ұсыныстың бірауыздан қабылдануы ретінде ұғамын,–деді де, төрағалық етуші келесі мәселеге көшті.

Тағы да мінберге көтерілген Қожанов: «Кеңестердің Бесінші съезін біз Қазақ Республикасы ұғымындағы күрт бетбұрыс деп санаймыз. Бұл съезді біз бірінші съезд деп атаймыз. Бірінші съездің мәнін оның Қазақ Республикасының жаңа орталығы Ақмешітте өтуі де күшейтіп, арттыра түседі. Сөйтіп, жұпыны Ақмешіт қалашығы Қазақ Республикасының орталығына айналып отыр. Қаланың мән-мағынасы ауысуына байланысты мен осы қаланың атын таза қазақты атауға өзгертсек деген ұсыныс енгіземін. Бұрын хандық құрылымдарының орталықтары болатын, мысалы, Ақ Орда дейтін, атақты хан өз орталығын Көк Орда деп атаған, ал біз өз орталығымызды Қызыл Орда деп атай аламыз. Мен қазақ елінің астанасына, орталығымызға айналып отырған Ақмешітті бұдан былай Қызыл Орда деп атауды ұсынамын. Стенограмма «Қожанов жолдасының ұсынысы бірауыздан қабылданды» деп көрсетілген». Ұсыныс айту, сірә, съезд сценарийінен тысқары болса керек. Орталықтан келгендер саяси сеpкелер бұл ұсыныстарды қалай қабылдарын да білмеген сыңайлы. Съездің стенограммасында Қожановтың съездің жұмысына қатысты айта келіп, ұлттық мемлекеттік үшін күрестің мазмұнын: Кирреспублика орталығын жаңа астанаға ауыстыру арқылы біз Ұлт Республикасын құру жолындағы күресімізді аяқтағанымызды атап өтеміз. Біз, баяғыда жарияланғанына қарамастан, ұдайы Ұлттық Республика үшін күресуге мәжбүр болдық. Ұлттық Республика үшін күрестің соңы–оның біткені ғана емес, сонымен бірге осы Республиканы жасау мақсатындағы жұмыстың басталғаны» деп қорытады. (Б.Қойшыбаев «Сұлтанбек Қожанов» Алматы, «Қазақстан» баспа үйі» ЖШС, 2007 ж).

Осы автордың әлеуметтік желілердің бірінде жариялаған мақалаларында аталған съездің барысы, ондағы көтерілген мәселелердің талқылану жағдайы, маңызы жөнінде айтқан төмендегідей пікірін келтіре кету артық болмас. Ол: «Кеңестердің 5-Күлліқазақ съезі жақсы өтті, республиканың негізгі халқын өз тарихи деңгейіне көтеріп, ұлттық мемлекеттілікті шын мәнінде, күллі бергі нышан, атрибутымен орнықтыруды көздейтін маңызды қарарлар қабылданды. Алайда, олардың бір-қатарын, әсіресе, ел-жұртты жерге орналастыру халқындағы аса маңызды шешімді орталық билік орындатпады» деген баға береді. Бұған сол кездегі қазақтың саяси элитасының «сейфуллинщина», «смагуловщина», «кожановщина», «мендешевщина» деген секілді түрлі ағымдарға бөлініп, жікшілдікке жол беруі басты себеп болатын. Өзара саяси бірлікке қол жеткізе алмағандықтан да қазақ республикасын басқаруға Мәскеудегі Орталық Комитеттің шешімімен қандықол Ф.Голощекин бекітілген еді. Сол сияқты Л.Мирзоян да Алаш қайраткерлерін ату жазасына кесу үшін Сталиннен қосымша квота сұрап, қазақ қайраткерлерін қан жоса еткені белгілі. Бұл ұлт тарихында осылайша жиі көрініс табатын алауыздықтың салдары деп ойлаймыз.

Нұрлыбек МЫҢЖАС,
тарих ғылымдарының кандидаты

ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫ: ҚЫЗЫЛОРДАЛЫҚТАРДЫҢ ҮЛЕСІ ҚАНДАЙ?

Зейнетақы қорындағы жинақты кім қанша мөлшерде пайдаланды? Қордың бүгінгі жағдайы қандай? Зейнетақы қорында нендей өзгеріс бар? Осы және басқа да сауалдарға жауап беруін өтініп біз бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры облыстық филиалына қатынас жолдаған болатынбыз. Жауапта төмендегі мәселелер қамтылды.

2021 жылдың 1 сәуірінен бастап БЖЗҚ-дан ай сайынғы төлемді есептеуді жүзеге асыру Әдістемесі өзгерді.

БЖЗҚ-дан төленетін ай сайынғы зейнетақы төлемінің мөлшері Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 2 қазандағы № 1042 қаулысының ережелеріне сәйкес есептелген зейнетақы төлемдерінің жылдық сомасының он екіден бір бөлігі ретінде айқындалады. Бұл ретте БЖЗҚ-дан ай сайынғы зейнетақы төлемі ең төменгі күнкөріс деңгейінің 70% кем емес мөлшерде жүзеге асырылады. (Бұрын БЖЗҚ-дан ай сайынғы зейнетақы төлемі ең төменгі күнкөріс деңгейінің 54% кем емес мөлшерде жүзеге асырылған болатын).

Зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеуді жүзеге асыру Әдістемесіне сәйкес 2021 жылдың 1 сәуірінен бастап зейнетақы төлемдерін жүзеге асырудың бірінші жылындағы зейнетақы төлемдерінің жылдық сомасы зейнетақы жинақтары сомасының зейнетақы жинақтары төлемдерінің мөлшерлемесіне көбейтіндісі ретінде есептелетін болады – 6,5 %.

Одан кейінгі жылдары ай сайынғы зейнетақы төлемінің мөлшері өткен жылғы ай сайынғы зейнетақы төлемінің мөлшерін зейнетақы төлемдерін индекстеу мөлшерлемесіне жыл сайын арттыру жолымен қайта есептелетін болады – 5%.

Мысал келтірейік:

ЗЖ сомасы = 6 000 000 теңге

Бірінші жылдағы зейнетақы төлемдерінің жылдық сомасы: 6 000 000*6,5%=390 000 теңге;

Бірінші жылдағы ай сайынғы зейнетақы төлемінің мөлшері: 390 000/12 ай =32 500 теңге;

Екінші жылға арналған ай сайынғы зейнетақы төлемінің мөлшері: 32 500+ 32 500*5%=34 125 теңге.

Бұдан басқа, зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеуді жүзеге асыру Әдістемесінде белгілі бір санаттарға жататын, яғни мерзімсіз уақытқа белгіленген 1 немесе 2-топтағы мүгедектігі бар, сондай-ақ, жинақтары міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен кемінде алпыс ай жинақталатын зиянды және қауіпті өндірістерде жұмыс істеген алушылар үшін түзетілетін арттыру коэффициенттері көзделген. Бұл ретте, жоғарыда көрсетілген шарттардың біреуін ғана емес, одан да көбін қанағаттандыратын тұлғалар үшін ең үлкен мәнге ие түзету коэффициенті қолданылады.

Айта кету керек, зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеуді жүзеге асырудың аталған Әдістемесі 2021 жылдың 1 сәуірінен бастап туындаған қатынастарға қолданылады.

БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдерін алу құқығын 2018 жылғы 1 қаңтарға дейін іске асырған адамдарға зейнетақы төлемінің жыл сайынғы мөлшері ең төмен зейнетақының отыз еселенген мөлшерінен кем болмайды (2021 жылы 30 х 43 272= 1 298 160 теңге). Төлемдер бұрын таңдалған кесте бойынша жүзеге асырылады.

Зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеуді жүзеге асырудың жаңа Әдістемесіне сәйкес, БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдерін алу құқығын 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап 2021 жылғы 31 наурызға (қоса алғанда) дейін іске асырған адамдарға 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап ай сайынғы зейнетақы төлемдері 5% мөлшеріндегі зейнетақы төлемдерін индекстеу мөлшерлемесіне ұлғайтылатын болады, ол кейіннен жыл сайын индекстеліп отырады.

Осылайша зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеуді жүзеге асырудың жаңа Әдістемесі алушылардың еңбек жағдайлары мен денсаулығының ерекшеліктерін ескереді, сондай-ақ, БЖЗҚ-дан берілетін жыл сайынғы төлемдер мөлшерін ұлғайтуға ықпал ететін болады.

Естеріңізге сала кетейік, БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдері жеке зейнетақы шотындағы зейнетақы жинақтары таусылғанға дейін жүзеге асырылады.

01.03.2021ж. жағдай бойынша Қазақстан Республикасының облыстары /қалалары бойынша салымшылардың жеке зейнетақы шоттарының саны және зейнетақы жинақтарының көлемі

(мың теңгемен)

№	Облыс/қала атауы	МЗЖ		МКЗЖ		ЕЗЖ	
		ЖЗШ саны	Зейнетақы жинақтарының сомасы	ЖЗШ саны	Зейнетақы жинақтарының сомасы	ЖЗШ саны	Зейнетақы жинақтарының сомасы
1	Ақмола	395941	395838479	20213	9102598	1190	31414
2	Ақтөбе	527104	645108794	38302	20547589	7224	626939
3	Алматы	734435	519087756	10715	3270190	1200	39827
4	Атырау	380362	724806128	25204	19810743	1093	44645
5	Шығыс Қазақстан	845947	904297303	64800	33795218	4855	75887
6	Жамбыл	612558	450966060	19931	7911166	1220	37621
7	Батыс Қазақстан	401823	479728011	9347	5176896	743	19668
8	Қарағанды	861586	1091241397	102220	70141980	2008	72527
9	Қызылорда	412282	383696685	15823	9009602	705	31614
10	Қостанай	530350	554088743	29318	15453493	2036	102382
11	Маңғыстау	382462	691097854	40293	57259746	762	55253
12	Павлодар	492907	603211736	50177	26173816	8159	600642
13	Солтүстік Қазақстан	351830	327903076	7851	3754524	1446	34409
14	Түркістан	158305	31936345	8993	6599726	165	1233
15	Нұр-Сұлтан қаласы	771218	1186065089	18814	7325843	1581	72720
16	Алматы қаласы	1713592	2425775791	34202	11981216	7722	328116
17	Шымкент қаласы	1311126	885428280	18851	7220617	2097	42942
	Барлығы	**10883828**	**12300278527**	**515054**	**314534963**	**44206**	**2205839**

Түсіндірме бере кетейік. Қазақстандағы зейнетақы жинақ қорының барлық түрі бойынша жиналған қаржы 12,3 трлн теңге құрайды. Оның ішінде Қызылорда облысының үлесі 384 млрд теңгеге жуық. Соңғы салыстырулар бойынша жағдайдың біршама оңды сипат ала бастағанын байқадық. Қызылорда облысы бойынша барлық салымшылардың саны 413 мың адамға жуықтайды. Бұл, демек, облыс халқының тең жартысының зейнетақы қорындағы есебі бар деген ұғымды білдіреді. Қорыта айтқанда, қазір халықтың көпшілігі зейнетақы қорына қаржы жинаудың тиімді екенін түсіне бастаған сыңайлы. Әлбетте, мұны жақсылықтың белгісі ретінде бағалауға болады.

Жинақтаушы зейнетақы қорына жолданған сұраудың бірінде салым қаржысының облыста жүзеге асыру барысы сұралған еді. Облыс бойынша осы кезеңде барлығы 6 мыңға жуық өтініш түсіпті. Сұрау бойынша 4046 адамның өтініші қанағаттандырылып, оларға тиісті қаржы берілген. Ол шамамен 15,3 млрд теңгені құрайды. Қорыта айтқанда, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорындағы осыншама қаржы негізінен тұрғындардың тұрғын үй жағдайын жақсартуға пайдаланылды.

Жолдасбек АҚСАҚАЛОВ,
«Сыр бойы»

1-бет

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ САНИТАРИЯЛЫҚ-ЭПИДЕМИЯЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ КОМИТЕТІ ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ САНИТАРИЯЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ ДЕПАРТАМЕНТІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

«13» сәуір 2021 ж. № 8 Қызылорда қаласы

Қызылорда облысы бойынша шектеу, оның ішінде карантиндік шаралары туралы

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі Кодексінің 104-бабының 2-тармақшасына сәйкес Қызылорда облысы халқы арасында COVID-19 коронавирустық инфекциясының (бұдан әрі – COVID-19) таралуының алдын алу мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Барлық деңгейдегі әкімдіктерге, аумақтық мемлекеттік органдарға, «Атамекен» өңірлік кәсіпкерлер палатасына, «КТЖ-Жүк тасымалы» акционерлік қоғамы филиалының «ГП Қызылордалық бөлімшесіне», құқық қорғау мен арнайы органдарға:

Тыйым салу:

1) «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі Кодексінің 110-бабының 5-тармағына сәйкес кальянды пайдалануға;

2) ойын-сауық іс-шараларын, көрмелерді, форумдарды, конференцияларды, сондай-ақ отбасылық, салтанатты, естелік іс-шараларды (банкеттер, үйлену тойлары, мерейтойлар, еске алу, «ауыз ашар», т.б.), оның ішінде үйде және адамдар көп жиналатын өзге де іс-шараларды өткізуге;

3) банкет залдарының жұмысына;

4) букмекерлік кеңселердің қызметіне;

5) бильярд, боулинг, компьютерлік клубтардың, түнгі және ойын клубтарының, караокенің қызметіне;

6) балаларды сауықтыру лагерлерінің қызметіне;

7) мерекелік корпоративтерді ұйымдастыру мен өткізуге;

8) балалардың ойын-сауық орталықтарының (жабық үй жайлардағы ойын аландары мен аттракциондар) жұмысына;

9) көрермендермен спорттық іс-шараларды өткізуге.

Қазақстан Республикасының және облыстың Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің қолданыстағы Қаулы талаптарына сәйкес, күшейтілген санитарлық-дезинфекциялық режиммен рұқсат берілсін:

10) балалар мен ересектердің білім беру орталықтарының жұмысы топты 15 адамнан артық толтырмаған кезде, алдын алу жазылу бойынша;

11) қоғамдық көлік жұмысына (қарбалас уақытта автобустар санын көбейте отырып, барлық есіктерді ашу, отыратын орындар саны бойынша толтырумен);

12) банктер, ХҚКО, «Қазпочта» АҚ бөлімшелері жұмысына уақыт бойынша шектеумен 9.00-ден 18.00-ге дейін;

13) ұйымдар, офистердің жұмыстарына 50% - күндізгі режиммен;

14) белгіленген талаптар сақталған жағдайда және ұжымдық іс-шараларды өткізбей дінги объектілердің қызметіне;

15) қоғамдық тамақтану объектілеріне (үй-жайда) толтырылуы 50%-ға дейін, бірақ 50 орыннан асырмай сағат 7-ден 24-ке дейін жұмыс істеуге;

16) сауналар жұмысына (жексенбіден басқа);

17) ортақ вагондарды жасақтауды болдырмай қала маңындағы жолаушылар поездарының қозғалысына;

18) ортақ вагондарды жасақтауды болдырмай жолаушылар поездарының қозғалысына;

19) 30 адамға дейін мәдениет объектілерінің жұмысына (дайындық);

20) толтырылуын 20%-дан артық емес етіп театрлар, кинотеатрлар, концерт залдарының жұмысына;

Қазақстан Республикасының және облыстың Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің қолданыстағы Қаулы талаптарына сәйкес, күшейтілген санитарлық-дезинфекциялық режиммен жалғастырылсын:

21) облыстың барлық аймақтарында:

- контингенті 300 оқушыға дейін қалалық және ауылдық мектептерде сыныптардағы балалар санын 25 адамнан асырмай дәстүрлі форматта оқыту;

- білім беру ұйымы әкімшілігінің шешімі бойынша сабақтан тыс уақытта 15 адамнан аспайтын топтарда оқушыларды жеке оқыту;

22) тәуекелі төмен және орташа аймақтарда (жасыл және сары аймақтар) орналасқан өңірлердегі жалпы білім беретін мектептерде барлық сыныптардың оқушылары үшін сыныптардағы балалар санын 25 адамнан асырмай аралас форматта оқыту;

23) колледждер мен жоғары оқу орындарының I курс студенттері үшін штаттық оқытуды;

24) балалардың түзету кабинеттерінің жұмысына;

25) алдын ала жазылу бойынша стоматология, медициналық орталықтар, кабинеттер жұмысына;

26) толтырылуы 75%, бірақ 15 адамнан артық емес етіп облысаралық тұрақты емес (туристік) тасымалдардың жұмысына;

27) толтырылуы 75%, бірақ 15 адамнан артық емес етіп қалалық тұрақты емес (туристік) тасымалдардың жұмысына;

28) Ұлттық құрама, клуб командалары үшін спорттық жаттығулар (30 адамнан артық емес, байланыссыз термометрия, спорт базаларында тұру);

29) қоғамдық көлікке, таксиге, әуежайларға, ауладағы балалар алаңдарына, азық-түлік және азық-түлік емес базарларға және басқа да қоғамдық орындарға санитариялық және дезинфекциялық өңдеу жүргізу;

30) маска режимін және кемінде 2 метр қашықтықты сақтай отырып, 15 адамнан аспайтын жеке және ұйымдасқан топтар үшін ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға (мемлекеттік ұлттық табиғи парктерге, қорықтарға, резерваттарға және басқаларға) бару;

31) осы Қаулыға 3-қосымшаға сәйкес алгоритмді сақтай отырып, кеңестерді (отырыстарды) көзбе-көз режимде өткізу (оларды қашықтықтан өткізу мүмкіндігі болмаған кезде);

32) арнайы, мамандандырылған ұйымдардың, ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға арналған арнайы мектеп-интернаттардың (оның ішінде ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жетім балаларға арналған), жалпы үлгідегі мектеп-интернаттардың, дарынды балаларға арналған мектеп-интернаттардың қызметі;

33) бір мезгілде 30 адамнан асырмай жинақтай отырып, күшейтілген санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтай отырып, облыстық командаларды даярлау үшін оқу-жаттығу жиындарын өткізу;

34) кәсіби қажеттілікке байланысты Қызылорда облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті және аумақтық басқармаларының (оның ішінде көліктегі), «ҮСО» облыстық филиалдың, аудандық бөлімшелердің мамандарын ПТР әдісімен COVID-19-ға зертханалық тексерулерді жүргізу;

35) Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 25 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының халқы арасында коронавирустық инфекция ауруының алдын алу жөніндегі шараларды одан әрі күшейту туралы» №67 Қаулысының 46-қосымшасы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігінің 2017 жылғы 16 тамыздағы №611 бұйрығымен бекітілген санитариялық қағидалардың және 2020 жылғы 28 тамыздағы енгізілген толықтырулардың талаптары сақталған кезде, білім беру ұйымдарындағы қоғамдық тамақтану объектілерінің қызметіне;

2. Қызылорда қаласы және аудан әкімдіктері, Қызылорда облысының полиция департаменті, барлық аудандық, Қызылорда қаласының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармалары:

1) қызметіне рұқсат етілген объектілерде карантиндік шаралардың, санитариялық-дезинфекциялық режимнің сақталуын бақылауды қамтамасыз етсін. Бұзушылықтар анықталған жағдайда «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес әкімшілік шаралар қолдансын;

2) осы Қаулының 1 және 2-қосымшаларға сәйкес қызметі шектелмеген объектілерді қоса алғанда, объектілердің қызметін қамтамасыз етсін;

3) осы қаулыға 4-қосымшаға сәйкес өлшемшарттар негізінде әлеуметтік-экономикалық объектілердің қызметін шектеуді қамтамасыз етсін. Бұл ретте карантиндік шараларды күшейту эпидемиологиялық жағдай асқынған жағдайда 5 күн ішінде жүргізіледі («жасыл» аймақтан «сары» аймаққа немесе «сары» аймақтан «қызыл» аймаққа көшу), карантиндік шараларды жеңілдету «қызыл» аймақтан «сары» аймаққа немесе «сары» аймақтан «жасыл» аймаққа көшкеннен кейін 7 күннен ерте жүргізілмейді.

3. Қызылорда қаласы және аудан әкімдіктері, «Атамекен» ҰКП (келісу бойынша), Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің аумақтық басқарма басшылары:

1) InfoKazakhstan.kz сайынан электрондық форматта берілетін Санитариялық нормаларға сәйкестік актісінің негізінде объектілердің қызметін қайта бастауды;

2) қоғамдық мониторинг мүмкіндігі үшін объектінің кіреберісінде Санитариялық нормаларға сәйкестік актісін көзге көрінетін жерге орналастыруды;

3) шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинді енгізу кезеңінде объектілердің жұмысына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптармен танысу үшін InfoKazakhstan.kz сайтында жұмысы туралы халықты, жеке және заңды тұлғаларды хабардар етуді;

4) бұзушылықтарды жою үшін кәсіпкерлердің уақытылы шаралар қабылдауы мақсатында шағымдарды және карантин режимін бұзу фактілерін орналастыру үшін InfoKazakhstan. kz сайтты пайдалануды;

5) шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинді енгізу кезеңінде объектілердің жұмысына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптардың сақталуына кәсіпкерлік субъектілерін тексеруді жүзеге асыратын инспекторлардың, аудиторлық ұйымдардың тізімін InfoKazakhstan.kz сайтына орналастыруды;

6) InfoKazakhstan.kz сайтындағы объектінің паспортына келушілердің үй-жайлардың жоспарланған толтырылуы туралы мәліметтерді кәсіпкерлік субъектісінің енгізуін (шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинді енгізу кезеңіндегі объектілердің қызметіне қойылатын талаптарға сәйкес, осы қаулыға қосымшаларда айқындалатын 1 адамға белгіленген алаң ескеріле отырып айқындалады және енгізіледі);

7) «InfoKazakhstan» электрондық порталының жұмысы іске қосылғаннан кейін, объектілер белгіленген талаптарға сәйкес келген кезде бизнес объектілерінің қызметін қайта бастауға арналған актіні электрондық беруді қамтамасыз етсін.

4. Қызылорда қаласы және аудандардың әкімдіктері:

1) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин кезеңінде тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктерде құрылған мониторингтік топтардың қызметін жандандыруды (қажеттігіне қарай олардың құрамы қайта қалыптастырылсын);

2) құрылған мониторингтік топтармен Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің және Қызылорда облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің қаулыларымен енгізілген шектеу іс-шараларының орындалуына мониторинг жүргізуді;

3) кемшіліктер анықталған және (немесе) COVID-19 коронавирустық инфекциясының туындау не таралу қаупі жағдайларында қолданыстағы заңнамаларда белгіленген тәртіппен халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның тиісті аумақтағы басқармасына ақпарат (шұғыл хабарлама) берілуін қамтамасыз етуді.

5. Қызылорда облысының полиция департаменті учаскелік полициялар патрульдеу кезінде жеке секторда немесе мейрамхана, кафеде мерекелік, отбасылық, т.б. шаралар жүргізіліп жатқан жағдайларды жедел мониторингтік топтарға хабар беруді жүйелендіруді.

6. Меншік нысанына қарамастан жеке және заңды тұлғалар Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің қаулыларымен бекітілген санитариялық-эпидемиологиялық және санитариялық-дезинфекциялық ережемен, Алгоритммен қойылатын талаптарды сақтасын.

7. Қызылорда облысының денсаулық сақтау және ішкі саясат басқармалары, қала, аудан әкімдіктері коронавирусты инфекцияның профилактикасы бойынша Қызылорда облысындағы шектеу шаралары туралы әлеуметтік желілерде жадынамалар тарату, хабарландырулар, инфографика, видеороликтер, жүгіртпе жолдары арқылы жаппай түсіндірме жұмыстарының жүргізілуін қамтамасыз етуді.

8. Қызылорда облысының тұрғындары мен қонақтары эпидемиологиялық ахуал тұрақтанғанша бетперде киюге міндетті.

9. Қызылорда облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің «Қызылорда облысы бойынша шектеу, оның ішінде карантиндік шаралары туралы» 2021 жылғы 11 наурыздағы №4, «Қызылорда облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 11 наурыз 2021 жылғы «Қызылорда облысы бойынша шектеу, оның ішінде карантиндік шаралары туралы» №4 Қаулысына өзгерістер енгізу туралы» 2021 жылғы 29 наурыздағы №5 Қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

10. Осы Қаулы 1, 2, 3 және 4-қосымшалармен толықтырылсын.

11. Осы Қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

12. Осы Қаулы қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Қызылорда облысының
Бас мемлекеттік
санитариялық дәрігері Д.Жанабергенова

Қызылорда облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы «13» сәуірдегі №8 Қаулысына 1-қосымша

Шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинді енгізу кезеңінде объектілердің қызметін қайта бастау

№	Қызмет түрлері	Объектілерге қойылатын талаптар	Объектіні іске қосу сипаты	Ескертпе
1.	Мемлекеттік органдар (ұйымдар), ұлттық компаниялар, квазимемлекеттік сектор ұйымдары, бизнес-орталықтары және басқа да кеңселер	Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 24 желтоқсандағы № 67 қаулысына (бұдан әрі – № 67 БМСДҚ) 1-қосымша	Хабарлама	
2.	Өнімнің бөлшек сауда объектілері, үй жанындағы дүкендер	№ 67 БМСДҚ 5-қосымша	Хабарлама	
3.	Тамақ өнімдерінің көтерме және бөлшек сауда объектілері (азық-түлік базарлары), азық-түлік қоймалары	№ 67 БМСДҚ 5-қосымша	Хабарлама	
4.	Көтерме және бөлшек сауда объектілері (азық-түлік емес базарлары), азық-түлік емес қоймалары	№ 67 БМСДҚ 5-қосымша	Хабарлама	
5.	Сауда алаңы 2000 шаршы метрден кем болатын бөлек тұрған дүкендер, сауда желілері	№ 67 БМСДҚ 5-қосымша	Хабарлама	
6.	Сауда алаңы 2000 ш.м астам болатын бөлек тұрған дүкендер, сауда желілері	№ 67 БМСДҚ 5-қосымша	Хабарлама	Бару арқылы
7.	Сауда алаңы 2000 ш.м астам сауда ойын-сауық кешендері (орталықтары), сауда үйлері	№ 67 БМСДҚ 5-қосымша	Хабарлама	Бару арқылы
8.	Онлайн сауда объектілері (интернет дүкендер, курьерлік қызметтер және т.б.)	№ 67 БМСДҚ 1-қсымша, 5-қосымша	Хабарлама	
9.	Автосалондар, автомобильдің қосалқы бөлшектері дүкендері және техникалық қызмет көрсету станцияларын (вулканизация, автожуу, шиномонтаж)	№ 67 БМСДҚ 6-қосымша	Хабарлама	
10.	Қызмет көрсету саласы объектілері (сұлулық салондары, шаштараздар, косметологиялық қызмет көрсететін объектілер (алдын ала жазылу бойынша), химиялық тазалау, кір жуу орындары, ұйымдастыру техникасын жөндеу)	№ 67 БМСДҚ-ға 7-қосымша	Хабарлама	
11.	Фитнес қызметін көрсету бойынша объектілер, спорт кешендері	№ 67 БМСДҚ 8-қосымша	Хабарлама	
12.	Халыққа қызмет көрсету (типографиялық қызмет көрсететін объектілер, тігін ательесі, аяқ киім шеберханалары, аяқ киім, киім жөндеу сервисі) бойынша объектілер және өзге де объектілер	№ 67 БМСДҚ 10-қосымша	Хабарлама	
13.	Халықтың тұруы бойынша қызмет көрсету саласындағы объектілер (қонақүйлер, отельдер)	№ 67 қаулыға 11-қосымша	Хабарлама	
14.	Әуежайлар және темір.жол вокзалдары, автовокзалдар, автостанциялар, жолаушыларға қызмет көрсету пункттерінің қызметі	№ 67 БМСДҚ 12-қосымша	Хабарлама	
15.	Маусымдық ауыл шаруашылығы дала жұмыстарына, табиғат қорғау, ветеринариялық, ауыл шаруашылығы, оның ішінде ара шаруашылығы іс-шараларына тартылған ұйымдар мен қызметкерлердің қызметі	№ 67 БМСДҚ 13-қосымша	Хабарлама	
16.	Мектепке дейінгі балалар ұйымдары	№ 67 БМСДҚ 14-қосымша	Хабарлама	
17.	Қызметіне рұқсат етілген білім беру объектілері, интернаттарды қоса алғанда	ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 16 тамыздағы №611 бұйрығымен бекітілген «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларының 10- тарауы	Хабарлама	
18.	Білім беру объектілеріндегі қоғамдық тамақтану объектілері	№ 67 БМСДҚ 46-қосымша	Хабарлама	
19.	Қоғамдық көлік	№ 67 БМСДҚ 15-қосымша	Хабарлама	
20.	СПА, массаж салондардың, моншалардың, сауналардың қызметі	№ 67 БМСДҚ 16-қосымша	Хабарлама	
21.	Санаторий-курорттық мақсаттағы объектілер, демалыс үйлері, туристік базалар	№ 67 БМСДҚ 17-қосымша	Хабарлама	
22.	Балаларды сауықтыру лагерлері	№ 67 БМСДҚ 18-қосымша	Хабарлама	
23.	Білім беру, түзету орталықтарының қызметі	№ 67 БМСДҚ 19-қосымша	Хабарлама	
24.	Тамақ өнеркәсібі объектілері	№ 67 БМСДҚ 25-қосымша	Хабарлама	
25.	Қоғамдық тамақтану объектілері (білім беру объектілеріндегі тамақтануды қоспағанда)	№ 67 БМСДҚ 21-қосымша	Хабарлама	
26.	Ұйымдастырылған ұжымдардағы, ас блоктарындағы қоғамдық тамақтану объектілері (білім беру және тәрбиелеу ұйымдарындағы қоғамдық тамақтану объектілерін қоспағанда)	№ 67 БМСДҚ 21-қосымша	Хабарлама	
27.	Тамақ жеткізуді жүзеге асыратын қоғамдық тамақтандыру объектілері	№ 67 БМСДҚ 22-қосымша	Хабарлама	
28.	Пенитенциарлық (қылмыстық атқару) жүйедегі мекемелері	№ 67 БМСДҚ 24-қосымша	Хабарлама	
29.	Өнеркәсіптік кәсіпорындар мен өндірістік объектілер, оның ішінде вахталық әдіспен жұмыс істейтіндер, қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы объектілер	№ 67 БМСДҚ 25-қосымша	Хабарлама	
30.	Медициналық-әлеуметтік объектілер (карттар, мүгедектер үйлері, сәбилер үйлері және басқалары)	№ 67 БМСДҚ 26-қосымша	Хабарлама	

№	Қызмет түрлері	Объектілерге қойылатын талаптар	Объектіні іске қосу сипаты	Ескертпе
31.	Өнеркәсіптік және индустриялық кәсіпорындар құрылыс компаниялары (құрылыс салушылар)	№ 67 БМСДҚ 28-қосымша	Хабарлама	
32.	Денсаулық сақтау объектілері (стоматологиялық клиникаларды қоспағанда)	№ 67 БМСДҚ 2, 4 және 34-қосымшалар	Хабарлама	
33.	Стоматологиялық клиникалар	№ 67 БМСДҚ 29-қосымша	Хабарлама	
34.	Экскурсиялық қызметті жүзеге асыратын объектілердің кеңселері (туристердің ұйымдастырылған топтары үшін экскурсиялар ұйымдастыру)	№ 67 БМСДҚ 31-қосымша	Хабарлама	
35.	Зертханалар	№ 67 БМСДҚ 30 және 33-қосымша	Хабарлама	
36.	Ашық ауадағы аттракциондар	№ 67 БМСДҚ 9-қосымша	Хабарлама	
37.	Қаржы нарығы объектілері	№ 67 БМСДҚ 1-қосымша	Хабарлама	
38.	Мәдениет объектілері (30 адамға дейін жеке және топтық дайындықтар), кітапханалар, музейлер, кинотеатрлар, театрлар, концерт залдары, цирктер	№ 67 БМСДҚ 9-қосымша	Хабарлама	
39.	Діни объектілер	№ 67 БМСДҚ 20-қосымша	Хабарлама	
40.	Бассейндер (1 адамға су айдынының 5 ш.м. есептегенде)	№ 67 БМСДҚ 16-қосымша	Хабарлама	
41.	Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар (мемлекеттік ұлттық табиғи парктер, қорықтар, резерваттар және басқалар)	№ 67 БМСДҚ 38-қосымша	Хабарлама	
42.	Боулинг, бильярд	№ 67 БМСДҚ 39-қосымша	Хабарлама	
43	Компьютерлік клубтар	№ 67 БМСДҚ 39-қосымша	Хабарлама	
44	Ойын-сауық орталықтары	№ 67 БМСДҚ 5, 45-қосымшалар	Хабарлама	

Қызылорда облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы «13» сәуірдегі №8 Қаулысына 2-қосымша

2021 жылғы «_____»_____ объектінің дайындығын бағалау акті

Біз, мониторинг тобы құрамында:

1. _____
2. _____
3. _____
4. _____
5. _____

(мамандардың Т. А. Ә. және лауазымын көрсету)

2021 жылғы «___»_____2021 Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің қаулысының талаптарына, сондай-ақ _____
_____
_____
_____
_____ талаптарына сәйкестігіне объектінің _____
_____ аумағында карантин кезеңінде қызметті жүзеге асыруға дайындығына бағалау жүргіздік.

Мыналар анықталды: Объекті карантин кезеңінде қызметті қайта бастауға дайын (дайын емес) *(қажеттісінің астын сызу):*

Анықталған бұзушылықтар _____
_____
_____

Қол қою:

1._____
2._____
3._____
4._____

Infokazakhstan.kz сайтында орналастырылған COVID-19 бойынша шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинді енгізу кезеңінде объектінің қызметіне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптармен таныстым және орындауға міндеттенемін_____ *(басшының Т. А. Ә. және қолы)*

Қызылорда облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы «13» сәуірдегі №8 Қаулысына 3-қосымша

Кеңестерді (отырыстарды) көзбе-көз режимде өткізу алгоритмі

Кеңестерді (отырыстарды) көзбе-көз режимде өткізу кезінде COVID-19 коронавирустық инфекциясының таралуының алдын алу мақсатында мынадай шаралардың сақталуын қамтамасыз ету қажет:

1. Үй-жайларда ауаны желдету/ауа баптау жүйесінің үздіксіз жұмыс істеуі.

2. Ғимаратқа кіреберісте барлық кіретін адамдарға байланыссыз термометрия жүргізу, холлдарда антисептикалық құралы бар санитайзерлер орнату және кеңестерге (отырыстарға) қатысушылардың қолды антисептикалық құралдармен өңдеуін бақылау.

3. Кеңестерге (отырыстарға) қатысушыларды залда әлеуметтік қашықтықты сақтай отырып отырғызу.

4. Көзбе-көз кеңестерге (отырыстарға) қатысушыларға қойылатын талаптар:

1) кеңеске (отырысқа) дейін кемінде 3 тәулік бұрын алынған КВИ-ға ПТР әдісімен тестілеудің теріс нәтижесінің болуы;

2) отырыс (кеңес) өткізілетін үй-жайда болған барлық кезең ішінде медициналық масканы пайдалану;

3) әлеуметтік қашықтықты сақтау;

4) қол алысуды немесе тікелей байланыстың басқа да нысандарын болдырмау.

5. Сөз сөйлеу ұзақтығы 30 минуттан артық болғанда және қатысушылардың бірінші қатарынан кемінде 3 метр қашықтықта болғанда спикерлерге қорғау құралдарын пайдаланбай сөйлеуге жол беріледі.

Қызылорда облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы «13» сәуірдегі №8 Қаулысына 4-қосымша

Әлеуметтік-экономикалық объектілердің жұмысын шектеу өлшемшарттары

№	Объектілер/салалар	Сары аймақ
1	Өнеркәсіп	+
2	Құрылыс (тұрмыстық үй-жайларда байланыс болмаған жағдайда)	+
3	Ауыл және балық шаруашылығы, мал шаруашылығы	+
4	Әуе катынасы	+
5	Байланыссыз қызметтер (автожуу, автомобильдерді, тұрмыстық техниканы, сағаттарды, телефондарды, компьютерлерді, аяқ киімді жөндеу, тігін ательесі, кір жуу, химиялық тазалау, кілттерді жасау, тұрмыстық үй қағидаты бойынша көрсетілетін қызметтер және т. б.).	+
6	Туристік компаниялар, бизнес орталықтары (сақтандыру компаниялары, адвокат, нотариус, бухгалтер және консалтинг көрсетілетін қызметтері, жылжымайтын мүлік жөніндегі агенттіктер, жарнама агенттіктері, сот орындаушылары, айырбастау пункттері, ломбардтар және т. б.)	+
7	Гүл дүкендері, фотосалондар	+
8	Медициналық ұйымдар, дәріханалар	+
9	Мұзейлер, кітапханалар	+
10	Азық-түлік дүкендері, шағын маркеттер	+
11	Балалардың түзету кабинеттері, балалар мен ересектердің білім беру орталықтары	✓ топты 15 адамнан артық толтырмаған кезде, алдын ала жазылу бойынша
12	Сұлулық орталықтары мен салондары, шаштараздар, маникюр мен педикюр қызметтері, косметологиялық қызмет көрсететін орындар (жазылу бойынша)	+
13	Супермаркеттер, гипермаркеттер	+
14	Халықтың тұруы бойынша қызметтер көрсету саласындағы ұйымдар (қонақ үйлер, отельдер, санаторий-курорттық ұйымдар, демалыс үйлері/базалары, туристік базалар және т. б.)	+
15	Ашық базарлар (азық-түлік, азық-түлік емес)	+
16	Қоғамдық тамақтану объектілері және фудкорт (тек жеткізуге және әкетуге)	+
17	Медициналық орталықтар, кабинеттер, стоматология (жазылу бойынша)	✓ алдын ала жазылу бойынша
18	Қоғамдық көлік	✓ (қарбалас уақытта автобустар санын көбейту, барлық есіктерді ашу, отыратын орындар саны бойынша толтыру)
19	Банктер, ХҚКО, «Қазпочта» АҚ бөлімшелері	✓ уақыт бойынша шектеумен 9.00-ден 18.00-ге дейін
20	Мектепке дейінгі мекемелер	✓ 25 адамнан аспайтын топтарды жинақтау сақталған кезде кезекші топтар
21	Ұйымдар, офистер	✓ 50% - қашықтықтан, 50% - күндізгі режим
22	Діни объектілер	✓ ұжымдық іс-шараларды өткізбеу
23	Қоғамдық тамақтану объектілері (үй-жайда)	✓ толтырылуы 50%-ға дейін, бірақ 50 орыннан асырмай сағат 7-ден 24-ке дейін жұмыс істеуге рұқсат
24	Азық-түлік емес дүкендер (жеке тұрған)	+
25	Моншалар	+
26	Сауналар	✓ (жексенбіден басқа)
27	СПА-орталықтар, бассейндер	+
28	Жабық базарлар (азық-түлік және азық-түлік емес)	+
29	Қала маңындағы жолаушылар поездарының (электричкалардың) қозғалысы	✓ ортақ вагондарсыз
30	Жолаушылар поездарының қозғалысы	✓ ортақ вагондарсыз
31	Қалааралық/облысаралық тұрақты автобустардың (шағын автобустардың) қозғалысы	+
32	Спорт кешендері, спорттық сауықтыру орталықтары және фитнес-орталықтар	+
33	СОО, сауда үйлері, сауда желілері	+
34	Мәдениет объектілері (дайындық)	✓ 30 адамға дейін
35	Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары	✓ толтырылуы 20%-дан артық емес
36	Облысаралық тұрақты емес (туристік) тасымалдар	✓ толтырылуы 75%, бірақ 15 адамнан артық емес
37	Қалалық тұрақты емес (туристік) тасымалдар	✓ толтырылуы 75%, бірақ 15 адамнан артық емес
38	Бильярд	–
39	Компьютерлік клубтар	✓ толтырылуы 50%-дан артық емес, жұмыс режимі сағат 12.00-ден 24.00-ге дейін, «Ashyq» пилотына қатысатын кәсіпкерлік субъектілеріне ғана жұмыс істеуге рұқсат беріледі. 18 және одан үлкен жастағы адамдар ғана жіберіледі
40	Боулинг	✓ толтырылуы 50%-дан артық емес, жұмыс режимі сағат 12.00-ден 24.00-ге дейін, «Ashyq» пилотына қатысатын кәсіпкерлік субъектілеріне ғана жұмыс істеуге рұқсат беріледі.
41	Цирктер	–
42	Балалардың ойын-сауық орталықтары (ойын аландары, жабық үй-жайлардағы аттракциондар)	–
43	Көрермендермен спорттық іс-шараларды өткізу	–
44	Ас беруді өткізу	–
45	Банкет залдары	–
46	Түнгі және ойын клубтары, караоке	–
47	Ойын-сауық, бұқаралық іс-шаралар, көрмелер, конференциялар, форумдар, отбасылық, естелік іс-шаралар	–

«+» - қызметіне рұқсат етілген;
«✓» - қызметіне ішінара (шектеулермен) рұқсат етілген;
«-» - қызметіне тыйым салынған.»;











Біртуар азамат

Очерк

Биыл еліміздің егемендік алғанына отыз жыл. Бұл жылдар ішінде қазақтың ұлан-ғайыр даласында қаншама таңғажайып өзгерістер болды десеңізші?! Сарыарқада жаңадан Нұр-Сұлтан қаласы өмірге келіп, құшақ жайып, ел-жұртты, бүкіл әлемді таңғалдырып дамып келеді. Мұндай өзгерістер Қазақстанның әрбір ауылында болып жатыр. Мәселен, Жалағаш ауданындағы бұрынғы Коммунизм совхозы бүгінде Мөрәлі Шәменов ауылы деп аталады. Ауылдың қақ ортасында ауыл шаруашылығының майталманы атанған Мөрәлі Шәменовтің биік тұғырда орналасқан ескерткіші тұр. Оның артында ауыл мешіті бой көтерген. Жалағаш поселкесінің орталық бір көшесі Мөрәлі Шәменовтің атымен аталады. Ол жайлы мақалалар өзі барда талай рет барлық деңгейдегі газет беттерінде жарияланған, республикалық журналдарда басылған, кітаптардан да орын алған. Ең бастысы, Еңбек ері болмаса да, Еңбек еріндей еңбек еткенін айтып, халық уақытында өз бағасын берген болатын. Бұл баға әліге дейін елінің есінде.

Кезінде Мөкең ақын Әбділда Тәжібаевпен сыйластық, достық қарымқатынаста болыпты. Қызылордаға келсе, Мөкеңнің үйіне соқпай қайтпайтын болған. Екеуін, бірі еңбек ұйымдастырудың алыбы болса, екіншісі – жырдың алыбы, жақындастырған қандай құдіретті күш екен? Енді біздер өз билетінімізді қағаз бетіне түсірейік:

1963 жылы Қазақ ССР Жоғары Советінің сайлауы болады. Сол жолғы сайлауда ақын Әбділда Тәжібаев Қызылорда облысы Жалағаш ауданынан төрт жылға Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты болып сайланады. Сол кезден бастап ақын ағамыз депутат ретінде ауданға жиі келетін болды. Бұл жылдар ішінде ол халықпен, еңбек адамдарымен, совхоз шаруашылығының тыныс-тіршілігімен тығыз араласты. Ол өзінің 1981 жылы «Жазушы» баспасынан шыққан бес томдығының бесінші томындағы «Жол дәптерінен» деген жазбасында былай деп жазған-ды:

«Жасымда көрген еліме егде күнімде қайта араластым, балалығымда атам, анам болған ел, егделігімде де мені қайта оқытты. Қанша адамдар көрдім, қаншалық тіршілік танығым, сөз үйрендім, күй аңғардым, жаңадан өнеге алдым, үлгі алдым, ақыл қостым өзіме. Солардың ішінде маған ұстаз болғандардың бірі – Шәменов Мөрәлі деген інім. Ол Сыр бойындағы Жалағаш ауданы «Коммунизм» колхозының председателі еді, мені депутаттыққа ұсынған да осы колхоз болатын. Бір жылдан соң бұл колхоз «Коммунизм» совхозының (орталығы Жалағаш ауданының орталығында еді) бөлімшесіне айналды. Ал совхоз директорлығына жаңағы Шәменов Мөрәлі белгіленді. Мөрәлі осы совхозды он жылдан аса басқарды. Ол 1974 жылы еңбек майданында қайтыс болды.

Адам өлді дейміз ғой. Бірақ оның жарамды істері, жақсы қылық, мінездері көпке дейін өлмейді екен. Ол туралы айтылған жақсы сөздер өткеннің әлі өшпеген жарығы, бүгін де бетіңе теуіп тұрған бұл сияқты ұзақ сақталады екен. Алып батырлық, жойқын ерліктер туралы аңыз-ертегілердің көп жасайтыны да сондықтан болу керек.

Мөрәлі туралы да айтылатын жылы сөздер аз емес. Сондықтан шығар, маған Мөрәлі бүгін де тірі сияқты.

– Мөрәлі түрегеп жүріп-ақ ұйықтайды.

– Мөрәлі жолда емделеді.

– Шаршамайтын, шалдықпайтын Мөрәлі.

– Ағасызға аға, жағасызға жаға Мөрәлі.

– Мөрәлі айтпайды, айтса қайтпайды.

– Өз ақылың жетпесе, Мөрәліден сұра.

– Мөрәлі көргенін ұмытпайды, естігенін ұмытпайды, уәдесін ұмытпайды.

– Мөрәлі кесірленсе, трактор да қозғай алмайды.

– Иеміз де Мөрәлі, киеміз де Мөрәлі еді ғой.

– Бір жігіт өрге сүйресе, Мөрәлідей-ақ сүйрер.

– Дауылда да тынбайтын, жауында да тынбайтын Мөрәлі еді.

– Темірден қатты, жібектен жұмсақ еді.

– Түсінгіш еді, ісінгіш емес еді.

– Тастай берік, гүлдей нәзік еді Мөрәлі.

– Мөрәлі ұялшақ пен сұраншақты ұнатпайтын.

– Аянбай жанды, жанып болды да бітті ғой, жігіт! – деседі жұрт Мөрәлі туралы сөз болса. Ол туралы айтылатын күлкілі, көңілді әңгімелер қаншалық!

Екі алыптың достығының құпия сыры терең жатқандығы жоғарыда айтылған әңгімеден-ақ аңғарылып тұр емес пе?!

Ол жайлы кезінде айтылған әңгімелерде есеп жоқ. Мысалы, бір жылдары күлдіргіш артист, әнші Күндебай Жалағаш ауданына келіп, Коммунизм совхозының клубында концерт қоятын болыпты.

Концерт басталмастан бұрын совхоз директоры Мөкеңе кіріп:

– Мөке, ауылыңа ойын-сауық көрсетуге келдім, қанша төлейсің? –депті.

Сонда Мөкең:

– Оны концертке билет алып баратын адамдардың қатысуы шешеді,– депті.

Мұны естіп тұрған Күндебай риза болмаған кейіппен:

–Концертке адам келмесе қайтеміз? – десе керек.

Сонда Мөкең:

– Онда біздің үйден бір қонағасыңды жеп, ауылыңызға қайтасыз да, – деген екен.

Концерт уақытылы басталады, келушілер клубқа сыймайды, бұлай болады деп ойламаған Күндебай сахнаға шығып алып, әнге ерік беріп, арасында Мөкеңе арнап:

– Көрмедім ғой Мөрәлідей кесірді,
Сөйлескенде алады екен есіңді.
Көнбей қойды оңаша айтқан
саудама,
Билет сатып өткіз деді кешіңді.
Өзі келді бастап жұртын мінеки,
Ән мен күйдің қадірін
сөйтіп өсірді.

Ал тыңдаңдар Күндебайды, ағайын... – деген өлең жолдарын табан астында шығарып, әуелетіп, әндетіп, ағылта жөнеліпті. Сол күні Жалағаш аспанында әсем ән қалықтап, жұртшылық қауым сол кештен алған тамаша әсерлерін ұзақ уақыт жыр етіп айтып жүріпті.

Ұлы Абайдың:

– Құлақтан кіріп, бойды алар,
Әсем ән мен тәтті күй.
Көңілге түрлі ой салар,

Әнді сүйсең, менше сүй,–деген өлең жолдары осындай сәттерді еске түсірсе керек.

Хош, сонымен Мөкең жайлы естігенімізді бір сәт еске түсірдік қой дейміз. Ендігі әңгіменіз оның өмір жолы жайлы. Ал, әр адамның өмір жолы – өзінше бір тарих. Ендеше, сол тарих беттерін ашамыз.

Мөрәлі Шәменов 1916 жылдың 15 наурызында дүниеге келеді. Оның дүниеге келуінің өзінің қысқаша тарихы бар. Әкесі Шәмен он жеті жастағы Айым деген қызға 25 жасында үйленіпті. Үйленгеннен кейін бұл отбасында біраз уақытқа дейін бала болмапты. Содан соң Шәмен оңтүстіктегі Оқшы, Есабыз атты әулиелердің басына барып түнейді. Сонда олар «Әулиең өзіңнің қасыңда да жатыр ғой» деп аян беріпті. Бұдан кейін өз ауылындағы Түмен бабаның басына барып түнеп, Алладан бала тілепті. Түс көріп, түсіне Түмен әулие кіріп, қолына мөр басылған ақ қағаз беріпті. Көп ұзамай балалы болған Шәмен баласына Мөрәлі деп ат қойыпты.

Сол Мөрәлі 1924-1937 жылдары ауыл мектебінде оқып, 7 кластық білім алады. 1931-1933 жылдары Қызылорда қаласындағы педагогикалық техникумда оқиды. 1933-1934 жылдары мұғалім болып жұмыс істейді. 1934-1937 жылдары Өзбекстан Республикасының Шаркент облысына қарасты Төменгі Шыршық ауданында гидротехник болып қызмет атқарады. 1937-1939 жылдары Жалағаш ауданындағы Қаракеткен ауылында почта бөлімінің бастығы болады. Армия қатарына алынып, Ұлы Отан соғысына бастан-аяқ қатысады.

Соғыстан аман-есен оралған ол 1946-1950 жылдары облыстық кәсіподақтар ұйымының төрағасы, 1951-1955 жылдары облыстық «Ленин жолы» газетінің меншікті тілшісі және Шиелі аудандық «Стахановшы» газетінің редакторы болып, абыройлы қызмет атқарады. 1955-1963 жылдары Коммунизм колхозында төрағa, 1963-1974 жылдары Коммунизм совхозының директоры болып қызмет жасайды.

Қазіргі М.Шәменов атындағы ауылдың іргетасы 1950 жылы «Елтай», «Иіркөл», «Белсенді», «Жігер» атты төрт колхоздың негізінен Молотов атындағы колхоз болып құрылған. 1955 жылы отызмыңдықтар саясаты бойынша М.Шәменов осы колхозға басқарма төрағасы болып жұмысқа келеді. Ол келгеннен бастап колхоз көшелері жөнделіп, жаңадан үйлер салынып, аяқсу оңынан шешіліп, ағаш егіліп, ауыл аз уақыттың ішінде жаңадан көрініс ала бастайды. Күн өткен сайын мұндағы тіршілік жандана түседі. Колхозды Мөкең басқарғанға дейінгі кезеңде колхозшылар бір еңбек күнге 1-1,5 келіден ғана бидай немесе күріш алатын. Жаңа төрағаның келуімен еңбек ұйымдастыруда жаңаша жұмыстар іске асырылады. Соның нәтижесінде колхоздың есеп-шотына ақша түсетін болады, колхозшылар еңбекақысына ақша алып, дүкеннен қант, шәй, басқа да қажет тауар алатын дәрежеге көтеріледі. Арада екі жыл өткенде Молотов колхозына «Таң» колхозы қосылып, Коммунизм колхозы деп аталады. Аудан колхоздарының ғана емес, облыстың беткеұстар шаруашылығына айналады.

1962 жылы Жалағаш ауданы тарап, Қармақшы ауданына қосылады. Ал, 1963 жылдың мамыр айында Коммунизм колхозы XXII партсъезд колхозымен қосылып, жаңадан «Коммунизм» атты совхоз ашылады. Совходың алғашқы директоры болып Мөрәлі Шәменов бекітіледі.

Колхоздың совхозға айналуына байланысты қамтитын жер көлемі ұлғаяды, жұмыс істейтін адамдардың да саны артады, атқаратын жұмыстың да көлемі күрделене түседі, шешілетін мәдени-экономикалық мәселелер де сала-салаға бөлінеді, басқа да жұмыс түрлері көбейе бастайды. Осылардың барлығын бір жүйеге түсіріп, еңбеккерлерді сол міндеттерді шешуге жұмылдыру үшін алдымен совхоздың басшылық буындағы кадрлар мәселесін дұрыс шешуден бастау керектігін алдын ала білген совхоз директоры Мөкең бұл мәселені бірінші күннен бастап қолға алады.

Совхоз үш бөлімшеден тұратын-ды. Коммунизм ауылы бірінші бөлімше атанып, меңгерушісі Қорғанбек Алмасов, Ақсу ауылы екінші бөлімше атанып, меңгерушісі Тоқан Боранбаев, Таң ауылы үшінші бөлімше атанып, меңгеруші болып Кәрім Бекмолдаев белгіленеді. Совхоз партия комитетінің секретарлығын Шайзат Төлегенов, кәсіподақ комитетінің председательдігін Төлеген Сүлейов атқарады. Совхоздың бас агрономы Жұмағали Дәуітов, бас экономист Тасқара Байниязов, бас есепші Әбілда Тайшаев, бас инженер-механик Сұлтанбек Алдабергенов, гараж меңгерушісі Байна Наршаев, бас зоотехник Нәжмадин Ысқақов, бас малдәрігері – Сарымсақ Аппазов, бас гидротехник Толыбек Оспанов, бас құрылысшы болып Базарбай Науырызбаев бекітіледі.

Бұлардың барлығы да өндірісте ысылған, тәжірибелері жеткілікті, білікті мамандар болатын. Директор жаңылыспапты, кадрларды тауып қойыпты. Совхоз шаруашылығы алғашқы күннен бастап, жаңа бағыт алып, дамудың жаңа жолына түседі.

Жалпы Мөкең басшы ретінде кадрларды іріктеу, орналастыру, тәрбиелеу жұмысына аса жауапкершілікпен қараған. Оның қарамағында қызмет атқарып, кейін ауданның, халық шаруашылығының әртүрлі салаларында басшылық қызмет атқарған азаматтар қатарының жеткілікті болғаны – оған дәлел. Мысалы, совхоздың партия комитетінің секретарі болған Асанбек Оспанов «Жаңадария» совхозына директор, зоотехник болған Нағымар Назмаханов «Аққұм» совхозына директор, кәсіподақ комитетінің председателі болған Төлеген Сүлеев «Калинин» атындағы совхозға директор, зоотехниктік жұмыс жасаған Нәжмадин Ысқақов Қармақшы аудандық Советі атқару комитетінің председателі, Мақсұт Әбдіразақов Тереңөзек аудандық Совет атқару комитетінің председателі болып абыройлы қызмет атқарды.

Кезінде Коммунизм совхозы кадр даярлайтын совхозға айналғаны баршаға аян. Бұл да болса шаруашылыққа жетекшілік жасаған Мөрәлі Шәменовтің көреген саясатын, іскер кадрлар мектебінің қалыптасқандығын көрсетеді.

Жұмысты совхоздың жауапты учаскелеріне кадрларды бекітіп алудан бастаған ол халық шаруашылығы жоспарларын орындау мәселесін күн тәртібінен түсірген емес, ол кезде совхозда 986 адам еңбек ететін. Енді осыларды алда тұрған міндеттерді шешуге біркісідей жұмылдыру ең басты мәселе болып қаралды. Еңбекті ұйымдастыру ойдағыдай жүріп жатты.

Алдымен халықтың, совхоз еңбекшілерінің мәдени-тұрмыстық жағдайын жақсартуға баса көңіл бөлінді. Жаңа үйлер салынып, поселкеде жаңа көшелер пайда бола бастады. Осы күнгі Н.Мырзалиев көшесіндегі тұрғын үйлердің көпшілігі сол жылдары салынған еді. Жұртшылық оның игілігін әліге дейін көріп отыр.

Коммунизм совхозы құрылған күннен бастап, орталығы Жалағаш поселкесі болып шешілді. Әуелгі кезде кеңсе болмай аудандық байланыс бөлімінің кеңсесіне орналасады. Өйткені мұндағылар Қармақшыға қосылып, сонда көшіп кеткен еді. Бір жылдан кейін аудан қайтадан құрылады. 1964 жылы көктемде кеңсенің кесегі құйылып, сол жылдың қыркүйек айында құрылыстың басына директордың өзі тұрып, жаңа кеңсені бітіріп, іске береді. Бұл кеңсе кезінде өзінің осы күнгі атындағы көшеге салынған-ды. Қазіргі кезде ол құрылыс үйі пәтері жоқтарға беріліп, онда оннан астам отбасы тұрып жатыр.

Жалпы, совхоз орталығының Жалағаш поселкесінен орын алуы, қарқынды құрылыс жұмысының жүргізілуі, поселкенің көркеюіне үлкен әсері болды. Мәселен, совхоз поселке орталығынан өзінің электр станциясын, күріш ақтайтын, ұн тартатын цехтарын салады. Ағаш өңдейтін, темір кесетін арнаулы цехтарын ашады. Монша салынып, қонақ үйі бой көтереді. Жаңа кітапхана жалпы халыққа қызмет көрсетеді. Күндіз-түні радио торабы жұмыс істейтін болады.

1967 жылы 70 орындық балабақша іске беріліп, оның меңгерушісі болып, жас маман Ұлданай Тоқпанбетова бекітіледі. Осы жылы 200 орындық Мәдениет үйінің құрылысы басталады. Оған қаржыны Мәскеудегі Одақтың Кәсіподақ комитеті беретін болып шешіледі. Оның ол кездегі қысқаша атауы ВЦСПС делінетін. Бұл мәселені де совхоз директоры өзі шешеді. Оған оның бір жылдары облыстық кәсіподақ комитетін басқарған кезде аталып отырған мекеме басшыларымен қарым-қатынасының, сыйластығының жоғарғы дәрежеде болғандығының да көп көмегі тиеді.

Мәдениет үйімен қатар парк салу мәселесі қолға алынады. Алты гектар жер темірмен қоршалып, ішіне арық қазылып, аяқ су келтіріліп, ағаш отырғызылып, адам жүретін жолдар асфальтталып, би билейтін алаң жасалып, жазғы кинозалды іске қосып, парк іші жарықтандырылып, поселке халқы оның игілігін кешеге дейін көріп келді. Бұл 1968 жылдың поселке тұрғындарының көптен күткен жақсы жаңалығы болды.

Салынған барлық құрылыс объектілерін қыс айларында жылумен қамтамасыз ету мақсатында орталықтандырылған жылу қазандығы іске қосылады. Бұл да ауданда тұңғыш рет іске асырылған жаңалық еді.

Осы жоғарыда баяндалған жұмыстардың басы-қасында ұдайы өзі жүріп, оны аса іскерлікпен ұйымдастырып, тиісті мәселелерді уақытылы шешіп, жүзеге асыруда Мөрәлі Шәменов өз заманында ауыл шаруашылығы өндірісіне жаңалық енгізуде алдына ешкімді салмаған облыстағы ауыл шаруашылығының нағыз білікті, майталман басшысы атанды.

Совхоз шаруашылығы екі бағытта жүрді. Бірі – мал шаруашылығы, екіншісі – егін шаруашылығы. 1965-1966 жылдары мал шаруашылығының базасы нығайтылып, осы бағыттағы құрылыс жұмыстары қарқынды жүргізіледі. Сол жылдары Мөкең Алматы қаласына барып, директорлардың үш айлық курсында оқып келген еді. Сол жақтан көрген-білгенін совхоз басшылары мен мамандарын жинап алып айтып, сауын сиыр комплексін салу керектігін түсіндіреді. Сонымен «Ахмет базы» деп аталатын жерден 1967 жылы комплексті түрде сауын базы салынып іске беріледі. Тұңғыш рет ауданда сауын сиырлар агрегатпен сауылып, басқа да жұмыс түрлері механизммен атқарылатын болады.

Осы жылдың күзінде мал шаруашылығындағы осы жаңалықты облыстың басқа шаруашылықтарына тарату мақсатында совхозда облыстық семинар-кеңес өткізіледі. Семинарға барлық аудандық партия комитетінің секретарлары, аудандық Совет атқару комитетінің председательдері, аудандық ауыл шаруашылығы басқармаларының бастықтары, барлық совхоз директорлары қатысады. Семинар-кеңесті бастан-аяқ облыстық партия комитетінің бірінші секретарі Хасан Шаяхметұлы Бектұрғанов жүргізеді.

Арада бір жыл өткенде «Бозтай» атты жерден сол уақыттың талабына сай келетін мал бордақылау комплексінің құрылысы басталады. Комплекстің ұзындығы бір шақырым, көлденеңі 500 метр болыпты. Осы территорияны айналдыра фундамент құйылып, қамкөлектен қабырға тұрғызылады. Фундамент құюға Қарағанды қаласынан екі вагон цемент алдырылады. Бұл да Мөкеңнің тапқырлығы мен іскерлігінің арқасында ойдағыдай болып бітеді.

Мал шаруашылығы саласының базасын нығайту бағытындағы жоғарыда айтылған жұмыстармен қатар, басқа да шараларды жүзеге асырудың арқасында мал өнімдерін өндірудің көлемі ұлғайып, сапасы жақсара түседі. Совхоз бойынша өнім өндіру, оны мемлекетке тапсырудың халық шаруашылық жоспарлары жыл сайын артығымен орындалды.

Совхоз құрылған күннен бастап, күріш егісіне айрықша мән беріліп, оның өнімділігін арттырудың барлық шаралары жасалды. Үш бөлімшенің әрқайсысында 2 өндіріс бригадасынан совхоз бойынша 6 өндіріс бригадасы жасақталады. Алғашқы жылы №1 бөлімше 650 гектар, №2 бөлімше 320 гектар, №3 бөлімше 620 гектар, барлығы совхоз бойынша 1590 гектар жерге күріш егіледі. Осы көлемнен 1963 жылы әр гектардан жоспарлы 18 центнердің орнына 21 центнерден күріш алып, мемлекетке күріш тапсырудың халық шаруашылық жоспары артығымен орындалады. Жыл сайын совхоз 460-500 мың сом көлемінде таза пайда табатын дәрежеге көтеріледі.

Ол кезде егін шаруашылығында еңбекті ұйымдастырудың ең төменгі сатысы өндіріс бригадасы болатын. Бригада құрамында күрішшілер ғана. Бригаданың жұмысын жақсарту мақсатында оған қажетті техникалар мен машиналар тұрақты түрде бекітіліп берілетін болды. Мұның өзі бригаданың іс жүзінде ешкімге қол созбай, жалтақтамай жұмыс жасауына мүмкіндік туғызды. Бұрын қосымша ақы бригададағы егіншілерге ғана төленсе, енді механизаторларға да солармен бірдей төленетін болды. Мұндай жаңалықты өндіріске енгізу, КПСС Орталық комитетінің 1965 жылғы қаулысын басшылыққа алып іске асырылды.

Совхоздың егін шаруашылығы саласындағы бұл жаңалықты облыстық партия комитеті қолдап, оны арнайы «Озат тәжірибе мектебі» деген тақырыппен плакат етіп шығарып, барлық совхоздарға таратады. Жыл сайын күріштік жерді тегістеу басты мәселеге айналады. Ол үшін арнайы механикаландырылған бригада жасақталады. Ол бригада жерді тегістеумен қатар күріштікке су апаратын канал қазу жұмыстарымен де айналысатын. Жыл сайын осы бағытта үздіксіз жүргізілген жұмыстың нәтижесінде 1970 жылы күріш егетін жердің көлемі 2000 гектарға жеткізіледі. Мұндай көлемге күріш егу ауданда алғаш рет Коммунизм совхозында жүзеге асырылады.

Совхоз 1971 жылы 2000 гектар жерге күріш егіп, оның әрбір гектарынан жоспарлы 32 центнердің орнына 40 центнерден өнім алып, мемлекетке күріш тапсыру жөніндегі социалистік міндеттемені артығымен орындайды. Осы жетістіктері үшін «Коммунизм» совхозы облыста бірінші болып, «Еңбек Қызыл Ту» орденімен марапатталады. Сонымен қатар қолы жеткен ерекше табыстары үшін СОКП-ның КСРО Жоғарғы кеңесінің және ВЦСПС-тың «Ескерткіш туы» совхозға мәңгі сақтауға қалдырылады.

Өндіріс озаттарының еңбектері айрықша бағаланды. Күрішші Тұршабек Елеусінов Социалистік Еңбек Ері атанды. Бөлімше меңгерушісі Тоқан Боранбаев «Еңбек Қызыл Ту» орденімен, күрішшілер С.Дәулетбеков пен Ә.Ысмағұлов Ленин орденімен және 40 жұмысшы-қызметкер медальдармен марапатталды.

Мөкеңнің, Мөрәлі Шәменовтың басқарушы ретіндегі өзгелерден ерекшелігі сол ізденімпаздығы мен жаңалыққа жаны құмарлығы айрықша болатын. Оның жоғарғы дәрежедегі іскерлігі мен еңбексүйгіштік қасиеті бірімен-бірі ұштасып жататын. Адам өмірге еңбек жасау үшін келеді, ел үшін жасаған еңбек өлмейтін еңбек дейтін. Оның қолынан Мәскеуден шығатын «Сельская жизнь» газеті мен «Плановое хозяйство» журналы үнемі түспейтін. Сондағы жаңалықтардың ауыл шаруашылығы өндірісіне қажетау дегендерін енгізбей тыным таппайтын. Өндіріске енгізгендерінің бастыбастылары осы очерктің өн бойында айтылып та, жазылып та отыр.

Жиырма жылдай Коммунизм колхозын, сосын оның Коммунизм совхозына айналған кезеңін басқарған уақытта оның атын сонау Мәскеу қаласындағы билік басындағылардың тани білуіне қол жеткізген Мөкеңнің ауыл шаруашылығы саласындағы аса талантты ұйымдастырушы, елді еңбекке орнымен жұмылдыра білуші, өмірлік тәжірибесі мол, өз заманының дара тұлғалы азаматы болғандығын көрсетеді. Мөкең тек ауыл шаруашылығының білікті басшысы ғана емес, дүниетанымы жеткілікті, қаламы қарымды, жазу қабілеті мол адам болатын. Ағамыздың ондай қабілеті облыстық «Ленин жолы» (бүгінгі «Сыр бойы») газетінде төрт жылдай меншікті тілші болып жұмыс жасаған кезінде айқындала бастайды. Мәселен, оның «Мен Жаһаевпын біліп қой, мә, сөмкемді іліп қой», «Дәнді қара, Дәндіқара салатын әнді қара» және де басқа тақырыптарға жазылып, газет бетіне жарияланған фельетондары жұртшылық назарын бірден өзіне аударып, баспасөз бетіндегі журналистік беделі арта түседі.

Егер ол осы жолмен жүре бергенде сөз жоқ республикаға танымал қаламгер болар еді. Бірақ, оны туған жерінің тұрмыс-тіршілігі, жүдеу шаруашылығы алаңдатпай қоймады. Ақыры туған жерге деген оның шексіз махаббаты ауылға алып келгеніне, барлық саналы өмірін туған жерге жұмсағанына, елі мен халқы куә болды.

Азаматтың қалың елге танылуына, қызмет бабында табаны таймай, дараланып өсуіне, шаруашылықтың қай саласында жұмыс жасаса да еңбек туын жоғары ұстауға қолы жетуіне, жанжары Ақшоның апамыздың да қосқан үлесін өлшеусіз деуге болады. Бір шаңырақтың ғана емес, бір әулеттің, тіпті бір рулы елдің алтын діңгегіндей абзал анасы болудан артық абырой бола ма,сірә?!

Ақшоның апамыз кезінде комсомол-жастар ұйымына жетекші, жинақ кассасының жауапты қызметкері, балабақша меңгерушісі, ауылдық Совет атқару комитетінің төрайымы қызметтерін атқарады. Әсіресе, оның Ұлы Отан соғысы жылдары Қаракеткен ауылдық кеңесінің төрайымы қызметін атқарған кездегі жұмысының нәтижесі әліге дейін елінің есінде.

1944 жылдың қазан айында Ақшоның Ақанайқызы Қазақ республикасының Министрлер Кеңесінің кезекті мәжілісіне шақырылып, төрайым есебінде баяндамасы тыңдалады. Артынша оның жасаған баяндамасы бойынша республикалық «Социалистік Қазақстан» газетіне (қазіргі «Егемен Қазақстан») арнайы мақала болып жарияланды. Апамыздың еңбегі жоғары бағаланып, 1945 жылдың қазан айында болған Қазақ республикасының 25 жылдығына арналған Алматы қаласындағы салтанатты мерейтой жиынына қатыстырылады. Мұның өзі үлкен сый-құрметтің белгісі болатын-ды.

Мөрәлі ағамыз бен Ақшоның апамыз 1939 жылы үйленіп, шаңырақ құрады, жеті балалы болды. Олардың барлығы да тәрбиелі болып өсіп, жоғары білім алады. Айтмұрат аудан, облыс көлеміндегі құрылыс мекемелерін басқарып, облыс әкімінің орынбасарлығына дейін көтеріледі. Кейін кәсіпкерлікпен айналысты. Дүниеден ерте озды. Атамұраты ғылым жолына түсіп, экономика ғылымының докторы болды. Өмірбек әке жолын ұстап, шаруашылықты басқарды. Аудан әкімі болып, жемісті еңбек етіп, ел құрметіне бөленді. Қыздары Балжан – экономика ғылымының кандидаты, Айман мен Айжан кәсіпкерлікпен айналысады, Балқашы агроколледж директорының орынбасары қызметін атқарады. Шүкір, бәрі де өз орталарында әке атына көлеңке түсірмей, абыройлы еңбек етіп келеді. Өмір жалғасы, өнегелі ұрпақ жалғасы деген осы болар. М.Шәменов Ұлы Отан соғысына бастан-аяқ қатысқан, 1946 жылы елге келгенде оның кеудесінде «Қызыл Жұлдыз», «Отан соғысының I, II дәрежелі» ордені және жауынгерлік төрт медалі болған. Бейбіт өмір кезінде нәтижелі еңбегінің қорытындысы мен олардың қатарына «Ленин», «Октябрь революциясы», «Құрмет белгісі» ордендері мен бірнеше медаль қосылған.

Туған жерінің көркеюіне, ақ күрішті алқапқа айналуына саналы өмірін сарп еткен, басқалардан мүлдем бітімі бөлек, кесек жаралған Мөрәлі Шәменов ағамыз 1974 жылдың 11 қыркүйек күні 58 жасында дүниеден озды.

Егемен еліміздің жастары жиырмасыншы ғасырда туған жерін қастерлей білген, оны түлете білген Мөрәлі Шәменов кім болғанын, кім екенін білсін деген мақсатпен осы очерк жазылды.

Шыңғыс АЙБОСЫНОВ,
Қазақстан Журналистер одағы мен Халықаралық Жазушылар одағының мүшесі, Жалағаш ауданының Құрметті азаматы

КИНО

Қожа Ахмет Ясауи туралы телехикая

«Qazaqstan» телеарнасы 19 сәуірден бастап Түркияда түсірілген Қожа Ахмет Ясауи туралы телехикаяны көрермен назарына ұсынады.

Түркия тарапы түсірген бұл телехикая «Мавера» деп аталады. Мавера – (араб тілінде «көрінетін әлемнің көрінбейтін арғы жағы» деген мағынаны білдіреді) көне Османлы тілінде қолданылған сөз. Қазақша «тылсым әлем», «қарсы жақ», «басқа дүние» деп аударуға болады.

Режиссер Йүджел Хүдавердінің бұл фильмі тартымды әрі қызықты оқиғаларға толы. Ясауи туралы телехикаяны түріктер жаңа форматта түсірген. Онда Қожа Ахмет өмірінің көпшілік біле бермейтін қырлары, жалпақ жұртқа беймәлім кезеңі көбірек суреттеледі. Сондықтан да бұл телехикая Қазақстан көрермендері үшін де қызықты болары хақ.

Телехикаяда Ясауидің Арыстанбаптан алған құрма дәнегінің құрма ағашына айналу оқиғасы, дәруіштер хикаясы, тарихтағы алғашқы Алып-ерендер оқиғасы тартысты беріледі. Естеріңізге сала кетсек, ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрі Аида Балаеваның таяудағы Түркияға жұмыс сапары барысында Қожа Ахмет Ясауи өмірі туралы телесериал премьерасын Қазақстан мен Түркияда бір мезгілде көрсету туралы уағдаластыққа қол жеткізілген болатын. Сонымен қатар екі ел арасында түркі жұртына ортақ тарихи тұлға – Қорқыт ата туралы бірлескен сериал түсіруге уағдаластық жасалған еді.

«СБ» ақпарат

ӨҢІР ӨНІМІ

«QYZYLORDA» ШОКОЛАДЫ

немесе «бәрі өзіміздің болса»

Мынадай мәлімет бар бізде. Біздің облыста 55 мыңнан аса кәсіпкерлік субъектісі тіркелген. Оның ішінде 2373-і өңдеуші өнеркәсіп саласында жұмыс жүргізеді. Жоғарыда айтқан ең үлкен цифрдың ішінде ауыл шаруашылығы саласында, яғни, өсімдік, мал, құс өсіру кәсібімен айналысатын 12456 кәсіпкерлік тіркелген.

Sb Ержан ҚОЖАС, «Сыр бойы»

Біз мұны неге айтып отырмыз. Шынымен сырттан келер дайын өнімді бірінен алып, біріне сату жақсы дамығанмен, өзімізден өнім шығару әлі де кенжелеп тұр. Оған сандық көрсеткіш дәлел. Әсіресе, жергілікті жерден тұтынушыға қажет затты шығаратын шағын цехтардың үлесі аз. Дей тұрғанмен де...

Осы айда Қызылорда қаласында «Qyzylorda» арнайы белгісімен шоколад шыға бастады. Иә, сіз бен біз білетін «Қазақстан» мен «Alpen gold» тәттісінен кем түспейтін өнімді жерлестеріміз дайындап отыр.

– Өзіңіз білесіз, карантин уақытында біз де көп адамдардай дағдарып қалдық. Жұмыс тоқтап, «екі қолға бір күрек» іздегенімізде осы идея пайда болған еді. Шоколад жасауға алдымен досым Әлібек ой салды. Одан соң анам қолдау көрсетті. Талаптандық, азды-көпті өз қаражатымызды салдық, тәуекелмен бастап кеттік, – дейді шағын шоколад цехының иесі, кәсіпкер Дархан Асан.

Ал Дарханның анасы Жәмила Елеуова бұрыннан үй жағдайында тәттілер пісіріп келген. Шоколад жасауда арнайы курсты тәмамдапты.

– Интернет аман болсын, – деп күлді Жәмила апай бізбен сөйлесіп тұрып. – Онда бәрі бар. Бірақ, ондағы ақылы курстардың барлығы бірдей өзіңе керек мәліметті бере бермейді. Жақын сіңілім арқылы арнайы курстан өтіп, өнім рецептісіне әбден қанығып барып, осы шаруаны бастадық.

Суретке түсірген Н.Нұржанбай

Жәмила апайдың айтуынша, цехтан шығатын өнім әзірге Жаңақорған, Шиелі, Сырдария, Қармақшы аудандарына тарайды. Бір күнде 150 дана тәтті шығаратын цехтың өніміне қала дүкендері де қызығушылық танытуда.

– Керек шикізатты Ресейдің Калининградынан, сосын өзіміздің Қарағандыдан алдырамыз. Алғашында қиындық болды. Шығын да аз емес. Шоколад дәміне келтіру – өте қиын жұмыс. Қазір үш түрлі тәттіні халыққа ұсынып отырмыз. Олар – сүтті шоколад, арахис қосылғаны және жүгері дәні бар тәтті түрі. Бұның басты айырмашылығы сол, Сыр өңірінен шығатын өнім болатыны бізді қатты қуантады. Біз әу баста осыны армандадық, – дейді Дарханның досы әрі серіктесі Әлібек.

Қызылордада шығатын шоколадтың нарықтағы бағасы 270-300 теңге аралығында. Дизайны өзгеше, салмағы 90 грамм болатын тәттінің келешекте аймақтық брендке айналатынына сенім мол. Тек жергілікті кәсіпкерлік саласына жетекшілік ететін орындар қолдауын аямаса болғаны. Өйткені, Дархан осындай құзырлы мекемелер арқылы кәсібін кеңейтсем деген ойын ашық айтқан. Әзірге ол «Ақмешіт» шағын ауданынан ғимарат жалдап, анасы және досымен бірлесе шағын цехты өз халінше жүргізіп отыр.

ЖЕҢІС – 76

ЖАСЫРЫН СОҒЫСТЫҢ ЖАУЫНГЕРІ

Адамзат тарихына көз жүгіртсеңіз, жан түршігерлік соғыстардың санынан жаңыласпыз. Бірақ олардың бірі де екінші дүниежүзілік соғыс әкелген зардаппен салыстыруға келмейді. Ол – адам шығыны бойынша әлем тарихындағы ең қатыгез соғыс. 1939 жылдың 1 қыркүйегінде басталған зұлмат алты жыл ішінде 50 миллионнан аса адамның өмірін қиып, шамамен 1 млрд 700 млн адамға зияны тиген. Бір ғана Қазақстанның өзінде жақынын майданға аттандырмаған отбасы жоқ-ау.

Қазақстаннан халықтың 25 проценті жасақталып, жарты миллионнан астам азамат майдан даласында құрбан болды. Жалпы алғанда, екінші дүниежүзілік соғыс қазаққа өте ауыр тиді. Зұлмат соғыстың тарихы, зардабы, жеңістен кейінгі Қазақстан жайлы кино мен деректі фильмдер, көркем әдебиет пен мемуарлық шығармалар, түрлі зерттеулер аз болған жоқ. Бірақ атауы Сталинның «Смерть шпионам» деген сөзінің қысқартылған нұсқасынан алынған, «СмерШ» қарсы барлау тобы туралы ақпарат жоқтың қасы. Әрине, қатаң құпия мен бақылау жағдайында Отан тыныштығын қорғаған бөлім туралы жазбалардың жарыққа шықпауы түсінікті. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін ғана азаматтарымызға қатысты біршама құжаттарға қол жетті.

Сталинград түбінде жеңіліс тапқан Вермахт басшылығы 1943 жылдың ақпан айында қарсылас тылында диверсиялық әрекеттерді күшейту үшін Абвердің 35 барлау-диверсиялық мектебін ашады. Оған Отанына сатқындық жасауға дайын, Кеңес армиясының жеңісіне күмәнмен қарайтындарды іріктеп алады. Жау жоспары кеңестердің бас барлау басқармасына жетіп, араға екі ай салып 1943 жылдың 19 сәуірінде «СмерШ» қарсы барлау басқармасы құрылады. Фашистік шпиондарды анықтап, майданның алғы шебінде жүрген қауіпсіздік органы қызметкерлері арасында 400-ден астам қазақстандық та жүрді. Жаумен жасырын алысқан, Отан алдында адал қазақ жауынгерлерінің бірі – Қызылорда облысының тумасы, кіші лейтенант Айдарбек Ақбердіұлы Ходжаназаров.

Ол 1925 жылы 2 ақпанда Шиелі ауданы Тартоғай ауылында дүниеге келген. 18 жастағы жігіт 1942 жылы ақпан айында өз еркімен майданға сұранып, әскер қатарына қабылданады. 1943 жылдың қыркүйегінде БЛКЖО қатарына қосылды.

Неміс басқыншыларымен болған шайқастарда 2 рет жарақат алды. 1943 жылдың маусымына дейін Гомель әскери-жаяу әскер училищесінде оқып, 20-шы гвардиялық әуе-десанттық бригадаға ауыстырылды. Бригада сапында Айдарбек Отан алдындағы борышын 1944 жылдың қаңтарына дейін атқарады. Шамалы уақыттан кейін қызметі Мәскеу түбіне ауыстырылып, 1 ақпанда Ленинград майданының гвардиялық дивизиясына жіберіледі.

Бұл кезеңде «СмерШ» қатарына қабылданатын жауынгерлер жан-жақты дайындықтан, партиялық сүзгіден өтіп жатқан болатын. Олардың өмірбаяны, шығу тегі мен туыстары қатаң тексеруден өтеді. Майдан даласында ерлігімен көзге түскен білекті де жүректі, мықты да қайсар жерлесіміз 1944 жылдың қазан айында қауіпсіздік органының қызметіне шақыртылады. Қарсы барлау бас басқармасының мектебінде арнайы оқытудан өтіп, «СмерШ» қарсы барлау бөлімінің жедел уәкілі ретінде жауапты қызметке тағайындалады. Екінші дүниежүзілік соғыс ресми 1945 жылы 9 мамырда аяқталғанымен «СмерШ» үшін «Абвер» тыңшыларын ұстап, олардың диверсиялық әрекеттеріне тосқауыл қою міндеті тоқтаған жоқ. Жерлесімізге Германия жерінде фашистік және власовшыл шпиондарды анықтап, оларды жою тапсырмасы беріледі. 1945 жылдың қарашасынан 1947 жылдың тамызына дейін ол Потсдам қаласының коменданты болды. Осылайша жасырын жаумен күрестің қайнаған ортасына түсті.

Оның ерлігі жөніндегі деректер архивте сақталған, бірақ оларда аса ірі шайқастар туралы жазылмаған. Десек те, Айдарбек Ходжаназаровтың барлау қызметіндегі оперативтік қызметі жауды әшкерелеуде үлкен стратегиялық маңызды рөл атқарғаны дау тудырмайды. Ол ерлігі үшін I және II дәрежелі ҰОС орденімен, «Ленинградты қорғағаны үшін», «Жеңіс үшін» және «1941-1945 жж. ҰОС Германияны жеңгені үшін» медальдарымен марапатталған.

Өкінішке қарай батыр өкпе дертіне шалдығып, Германияның Белитц қаласындағы госпитальда көз жұмады. Аға лейтенант Айдарбек Ходжаназаров Потсдам қаласындағы бауырластар зиратына әскери құрметпен жерленді.

Кейін 80-жылдардың аяғына таман немере інісі Марат Ходжаназаров (қазіргі таңда ҚР қауіпсіздік органдарының полковнигі) Германияда әскери қызметін өту кезінде Потсдам қаласындағы бауырлас зиратынан қабірін тауып алып, гүл шоқтарын қойды. Ал 2012 жылы Кеңес әскерлерінің зиратына «Германияның тарихи ескерткіштері» мәртебесі берілді. Тәуелсіздік алып, шекара асуға мүмкіндік туған заманда Мараттың үлкен қызы Айымжанның Германияға жолы түсіп, батыр атасының басына барып құран бағыштап қайтты.

Талапбай МАДИЯРОВ,
Қызылорда облысы және Байқоңыр қаласы бойынша ҰҚК ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары

ПРОСТАТИТ, АДЕНОМА, НЕСЕП ШЫҒАРУ ҚЫЗМЕТІНІҢ БҰЗЫЛУЫ, БЕЛСІЗДІК?! КӨМЕК ЖАНЫҢЫЗДА!

Простатит, қуықасты безінің аденомасы, несеп шығару қызметінің бұзылуы, эректилді дисфункциясы орта есеппен әр үшінші ер адамда кездеседі. Бұл ауру көбінесе жас ұлғайған кезде, ағзаның қорғаныш қасиеті әлсірегенде, гормондық теңгерім бұзылғанда, несеп шығару-жыныс жүйесі мүшелерінің регенерациялануы нашарлағанда белең алады.

Простатит және қуықасты безі аденомасы жекелей де, екеуі бір мезгілде де қатар жүре алады. Бұл екі ауру әртүрлі себептерден пайда болады, бірақ ұқсас асқынуларға әкеліп соғады. Оның себебі мынада.

Простатит 95% жағдайда созылмалы, жұқпалы емес ауру түрінде кездеседі. Көбінесе оның пайда болуы зиянды әдеттерге, суық тигізуге, кіші жамбас мүшелеріндегі қан айналымының бұзылуына, сирек немесе бей-берекет жыныстық қатынасқа түсуге байланысты болады. Қуықасты безі қабынып, ісініп, осы арқылы өтетін несеп жолы арнасын қысып тастайды. Соның салдарынан зәрдің шығуы тежеліп, дәретханаға барғысы келу жиілейді. Мұның барлығы ыңғайсыздық пен шап бөлігіндегі ауырсынуға ұласады. Уақыт өте келе жыныстық қызметтің бұзылуы, жыныстық әлсіздік пайда болады.

Қуықасты безінің аденомасы гормоналдық бұзылулар нәтижесінде пайда болады. Ерлер гормоны - тестостеронның азаюы және әзәзда эстроген - әйел гормонының артуы қуықасты безінің ісінуіне ұшыратады. Ол, өз кезегінде, простатит сияқты зәр шығарудың ұқсас ауытқуларын өршітіп, несеп жолы арнасын қысады, жыныстық бұзылуды және әртүрлі сипаттағы ауырсынуларды тудырады.

Емделмеген жағдайда, бұл аурулар асқынып, отадан басқа ем-шара көмектесе алмайтын, қайтымсыз сипат қабылдауы мүмкін. Сондықтан, сіз несеп-жыныс жүйесінің жұмысында мұндай ауытқуларға тап болсаңыз, тез арада маманнан көмек сұраңыз.

Осы урологиялық ауруларды емдеу үшін біз көптеген дәрілер мен ем-шаралардан қарағанда, ауру белгілерін алып қана қоймай, несеп-жыныс жүйесінің мүшелерін әртүрлі аурулардан жылдар бойы сенімді қорғай алатын, дерттің түпкі себебін жоятын, «Уропротектор» препаратын пайдалануды ұсынамыз.

Бұл - кешенді препарат. Оның әсері қабынуды және қуықасты безінің ісінуін жоюға, несеп-жыныс жүйесінен ауру тудыратын бактерияларды шығаруға, зәр айдауды қалыпқа келтіруге бағытталған.

«Уропротектор» препаратын қолданудың бірінші сатысында-ақ ыңғайсыздық, шап аймағындағы ауырсыну, үрпі арнасындағы шаншу жоғалады. Одан әрі кіші жамбас мүшелерінде қан айналымы жақсарады, қуықасты безі мен қуықтың икемділігі қалпына келтіріледі, будан кейін олар өз қызметтерін толық орындай бастайды. Сондай-ақ, препарат гормоналды тепе-теңдікті қалпына келтіре отырып, еркектердің басты гормоны - тестостерон өндірісін ынталандырады. Осының есебінен, қуықасты безі аденомасының дамуын тоймтарады және эрекцияны күшейтеді.

«Уропротектор»- простатит, қуықасты безінің аденомасы, зәр шығарудың бұзылуы, эректилді дисфункциясын емдеуде жақсы сипаттамаларға ие болды. Сонымен қатар, «Уропротектор» компоненттері, әзәздағы бос радикалдардың санын тиімді түрде төмендетеді, сол арқылы простата обырының пайда болуы мен дамуынан қорғайды.

Тұрасын айтқанда, бұл ерлердің көптеген урологиялық проблемаларына көмектесетін қуатты құрал!

Препарат барлық қажетті сынақтардан өтіп, отандық және халықаралық сертификаттармен мақұлданған. Кез келген жаста салауатты, белсенді жыныстық өмірден бас тартпаңыз!

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! НАУҚАН ЖҮРУДЕ! «УРОПРОТЕКТОР» КУРСТЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫНА ТАПСЫРЫС БЕРСЕҢІЗ, -30% ЖЕҢІЛДІК!

Негізгі әсер етуші заттар: препарат құрамына химиялық құрауыштар кірмейді.
Мөлшері және қолдану тәсілі: қабылдау ұзақтығы 1 айдан басталады.
Қарсы көрсетілімдер: жеке құрауыштардың сәйкес келмеуі.

Мына телефон арқылы кеңес ала аласыз және «Уропротекторға» тапсырыс бере аласыз:
8 705 92 55 429 немесе uroprotector.kz сайты арқылы

«Сыр бойы», «Кызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және аудандық басылымдарға хабарландыру орналастырғыңыз келсе:
70–00–52 телефоны арқылы байланысуға болады.
E–mail: smjarnama@mail.ru

Мұралық істің ашылғанын хабарлайды

Қызылорда қаласының жеке нотариусы Қалтайқызы Ақтолқын (лицензия №0000549 03.08.2006) 2020 жылдың 22 наурызында қайтыс болған, Қызылорда қаласы, Рыспаев көшесі №7 үйде тұрған Қауысов Келдібай Құндақбайұлының атынан мұралық істің ашылғанын хабарлайды. Мұрагерлер болса, мына мекен-жайға хабарласуын сұраймыз: Қызылорда қаласы, Торайғыров көшесі №80-А/12, тел.: 8 701 122 99 93.

***

Қызылорда қаласының жеке нотариусы Бердалиева Мира Қыстаубаевна (лицензия №0000316, 27.11.1998 ж.) 2021 жылдың 14 наурызында қайтыс болған азаматша Нуретова Сараның атынан мұралық істің ашылғанын хабарлайды. Мұрагерлер болса, мына мекен-жайға хабарласуын сұраймыз: Қызылорда қаласы, Астана даңғылы №107 үй, тел.: 8 702 777 27 22.

www.facebook.com/syrboyi.kz/ https://twitter.com/syrboyi www.instagram.com/syrboyi_kz

Меншік иесі
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 "А". | e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz | Таралымы 27683 | Тапсырыс №495 | Кезекші редактор **Назерке САНИЯЗОВА**